

Ұ. Досболатова, Б. Әшімова,
Ш. Аманқұлова

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Жалпы білім беретін мектептің
жаратылыстану-математика бағытындағы
10-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2010

УДК 373.167.1(075.3)

ББК 63.3(0)я72

Д70

Досболатова Ү., т. б.

Д70 **Дүниежүзі тарихы: Дидактикалық материалдар: Жалпы** білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы. — Өнд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2010. — 96 б., сур.

ISBN 978—601—293—145—7

Д $\frac{4306022300-102}{404(05)-10}$ 99(3)—10

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3(0)я72

© Досболатова Ү., Өшімова Б.,
Аманқұлова Ш., 2006

© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2010

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүлкітік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—145—7

АЛҒЫ СӨЗ

10-сыныпқа арналған “Дүниежүзі тарихының” дидактикалық оқу құралында оқушылардың танымдық қабілетін арттыратын сұрақтар мен тапсырмалар, білім деңгейін көтеретін мәліметтер мол.

Оқу құралында тарихи оқиғалар мен оның мазмұнына баға беруге негізделген сұрақтар кеңінен қарастырылған. Әрбір тақырыпқа арналған тапсырмаларда танымдық сұрақтар, тестілер, сөзжұмбақтар, қайталауға арналған тексеру жұмыстары бар.

Ұсынылған дидактикалық материалдардың мақсаты — белгілі бір тарихи даталар мен сол уақытта өмір сүрген адамдардың аты-жөнін есте сақтап, оқиғалардың тарихи мәніне оқушылардың көңілін аударту, талдау дағдыларын қалыптастыру. Ал сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар оқу материалын қаншалықты игергендерін тексере алады.

Оқушылардың білімін жетілдіруде хронологиялық даталар мен ұғымдар, терминдер, географиялық атаулар, сонымен қатар карталармен жұмыс түрлері де қарастырылған.

Дидактикалық материалдардың тарих сабағының көрнекілігі ретінде оқушылардың білімдерін тереңдетуде және олардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырудағы танымдық өрі тәрбиелік қызметі үлкен. Осы оқу құралы оқушылардың дүниежүзі тарихын меңгеруде қажетіне жарайтынына сеніміміз зор.

I тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

§ 1. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ӘЛЕМ КӨРІНСІ

1-тапсырма. Оқулықпен жұмыс. Параграф мәтінін оқып шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Неліктен Еуропалық елдер — Австро-Венгрия, Ұлыбритания, Германия, Италия, Ресей, Франция дүниежүзілік саясатты айқындайды деп тұжырымдалады?
2. Ресей мен Австро-Венгрияда ұлт мәселесі ең басты мәселе болуының себептерін атап, жауаптарыңды дәлелдендер.
3. Еуропада монархиялық мемлекеттердің қатарына қандай мемлекеттер жатады?
4. Осман империясы құлағаннан кейін өзінің тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттерді атаңдар.
5. Марксизмді жақтаушылардың көзқарастары қандай болды?
6. XX ғасырдың басындағы Еуропадағы ұлтшылдық пен нәсілшілдіктің XIX ғасырдың екінші жартысындағы АҚШ-тағы ұлтшылдық пен нәсілшілдіктен айырмашылықтарын атап беріндер.

2-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып, сұрақтарға жауап жазыңдар.

1-нұсқа

1. Отаршылдық дегеніміз — ...
2. Францияның Солтүстік Африкадағы отарлары: ...

2-нұсқа

1. Жартылай отар елдерге ...
2. Үнді өркениеті ... арқа сүйейді.

3-нұсқа

1. Ұлыбританияның Азиядағы отарлары: ...
2. Ислам дінінің шарттары ...

4-нұсқа

1. *Протекторат* дегеніміз — ...
2. Ұлыбританияның дүниежүзіндегі бірінші отаршыл мемлекет болғандығына мысал келтіріп, дәлелдендер.

5-нұсқа

1. 1914 жылдың қарсаңында Ресейдің (отарларын қосқанда) жер көлемі мен халқының саны қанша болды? Дәлелдер келтіріңдер.
2. *Империализм* сөзінің түп-төркінін түсіндіріңдер.

6-нұсқа

1. Жапония қоғамын жаңғырту (модернизация) негізі қандай ұранға сүйеніп жасалды?
2. *Өркениет* ұғымы қалай сипатталады?

7-нұсқа

1. Конфуций ілімінің негізгі қағидалары қандай?
2. Дүниежүзінің бірлігі мен тұтастығының белгілері ...

8-нұсқа

1. Ислам өркениеті қай кезде және қай жерде пайда болды?
2. Еуропаландыру саясаты дегеніміз — ...

9-нұсқа

1. Жапониядағы Мэйдзи революциясының сипаты қандай болды?
2. Ұлттық буржуазия дегеніміз — ...

10-нұсқа

1. Шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстарының міндеттерін анықтаңдар.
2. Отаршылдық саясатқа байланысты қолданылатын терминдерді атаңдар.

11-нұсқа

1. Буддизм ілімін жақтаушылардың дүние туралы түсініктері қандай?
2. Буддистердің көзқарасы бойынша, нирвана ...

12-нұсқа

1. Қытай өркениетінің негізін қалаған ойшыл ...
2. Ұлыбританияның Еуропадағы отары ...

13-нұсқа

1. БҚПалды аймаққа кіретін мемлекеттер: ...
2. Францияның Солтүстік Африкадағы отарлары: ...

3-тапсырма. Төменде берілген адам, қоғам, мемлекет туралы Конфуций ілімі мен буддизм, ислам діндері көзқарастарының маңызын қағидаларына сүйене отырып түсіндіріңдер.

Конфуций ілімі (б.з.д. 551—479 жж.)

1. Ілімнің негізі — жеке адам өзі үшін емес, қоғам үшін өмір сүреді.
2. Кәсібі — мұғалім, философ.
3. Билеушінің идеалы — қайырымдылық, даналық.
4. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың мәні — адамгершілік, қайырымдылық.

5. Тәртіп негізі — қатаңдық, дәлдік, әдеп.
6. Мемлекеттік құрылыс — қасиетті император, “Аспан ұлы”, оған философтар, әдебиетшілер, ғалымдар, билеушілер көмектеседі.
7. Конфуций ілімінің мемлекеттік идеология ретінде қоғамда алатын орны — мемлекеттің негізі құқық емес, мораль.

Буддизм

1. Мемлекет туралы — басты мемлекет емес, ауыл қауымы.
2. Қоғам туралы — касталық жол.
3. Адамдар қалай өмір сүруі керек — нирванаға жетуге ұмтылу.
4. Өмір туралы — қайғы-қасірет жолы.
5. Қоғамда алатын орны — жеке адамдар өмірінде ерекше орын алады.

Ислам

1. Негізін қалаушы — Мұхаммед пайғамбар.
2. Мұсылмандар қағидалары — Аллаға құлшылық ету, тағдырға сену.
3. Мемлекет туралы — көкте бір Алла, бәрі Құдайдың бұйрығы.
4. Қоғам туралы — әртүрлі топтардың өкілдері болуы керек.
5. Қоғамда алатын орны — мемлекеттің саясаты әр елдің даму жүйесіне байланысты реттеледі.

4-тапсырма. Діни көзқарастардың мәніне және қоғамдық идеялардың маңызына көңіл аударып жеке адамның өркениетті дамытуға қосқан үлестеріне баға беріндер.

5-тапсырма. Адамның мемлекетке, қоғамға қызмет істеуінің қажеттігі бар ма? Пікірлерінді дәлелдендер.

6-тапсырма. Төмендегі ұғымдардың мәнін түсіндіріңдер.

- | | |
|-----------------------------|-----------------|
| 1) монархия; | 7) протекторат; |
| 2) абсолюттік монархия; | 8) доминион; |
| 3) конституциялық монархия; | 9) өркениет; |
| 4) пацифизм; | 10) нирвана; |
| 5) милитаризм; | 11) жаңғырту. |
| 6) антисемитизм; | |

7-тапсырма. Мына қысқартылған сөздердің толық атауын жазыңдар.

БҮҮ —

ХВҚ —

ЕО —

ОШАМА —

ШЫҮ —

§ 2. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.


1. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ірі капиталистік державалардың әлемді өзара бөлісуді аяқтауы дегеніміз не? Қартаны пайдалана отырып айтып беріңдер.
2. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысына әсері болды ма? Жауаптарыңды дәлелдендер.
3. АҚШ-тың отарларын атаңдар.
4. Жапония қоғамын жаңғыртудың негізгі ұрандарын атап жазыңдар.
5. XX ғасырдың басында “бос жер” мүлдем дерлік қалған жоқ деген сөзді қалай түсінесіңдер?
6. Бірінші топтағы капиталистік мемлекеттерге сипаттама беріңдер.
7. Екінші топтағы капиталистік мемлекеттерді атап, оларға сипаттама беріңдер.
8. Үшінші топтағы капиталистік мемлекеттерге сипаттама беріңдер.
9. XX ғасырдың басындағы саяси ағымдарды атаңдар, әрқайсысына сипаттама беріңдер.

2-тапсырма. Ұлыбританияның отарларын кестеге түсіріңдер.

Еуропада	Азияда	Африкада	Америка құрлығында	Аустралияда

3-тапсырма. Еуропадағы капиталистік даму жолына бірінші болып түскен мемлекеттерді жазыңдар.


Еуропа елдері



4-тапсырма. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тарихына байланысты оқиғалар жасырылған сөзжұмбақты шешіңдер. Сөзжұмбақты шешумен қатар, онда не бейнеленгенін және оның қай жерде орналасқанын табыңдар.

Сөзжұмбақтың сұрақтары:


1. Тұңғыш рет улы газ қолданылған соғыс позициясы.
2. Орыс әскерінің Австро-Венгрия майданында бұзып өткен қаласы.
3. 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы ең ірі және шешуші шайқас болған өзен.
4. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияда шайқас болған жер.
5. Антанта мен Германияның арасындағы бітімге қол қойылған жер.
6. Галиция жерінде қоршауды бұзып шыққан орыс генералының есімі.
7. 1915 жылы суға батырылған жолаушы кемесі.
8. Орыс әскеріне қарсы шабуыл кезіндегі немістер басып алған бекініс орналасқан арал-архипелаг.
9. Антанта құрамындағы мемлекеттің бірі.
10. Түркия флотының шабуылына ұшыраған орыс қаласының бірі.
11. Кеңестік Ресей мен Германия арасындағы келісімге қол қойылған қала.



5-тапсырма. Тарихи даталармен жұмыс.

1. Германияның Францияға қарсы халықаралық дағдарысты туғызған әрекеті қашан және не үшін болды?
2. Кайзердің (Германияның) әскери кеңесі қашан және қандай мағынада ұран тастады?
3. Италияның Түркияға қарсы соғысы қай жылы басталды? Соғыстың қорытындысы қандай болды?
4. Австро-Венгрияның Сербияға қарсы соғысы қай жылы басталды? Сербияның қандай иеліктерін басып алды? Оның салдары қандай болды?
5. Балқан одағы қашан құрылды? Оның құрамына қандай мемлекеттер кірді?
6. Бірінші Балқан соғысы қашан болды? Соғыстың қорытындысы туралы айтып беріңдер.
7. Екінші Балқан соғысы қашан болды? Оның салдары қандай болды?

6-тапсырма. Бірінші дүниежүзілік соғыстың ауқымын кесте түрінде көрсетіндер.



7-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

Тест сұрақтары

1. Марна түбіндегі шайқас қай жылы болды?
 - а) 1914 ж. күзде;
 - ә) 1914 ж. жазда;
 - б) 1915 ж. көктемде.
2. Германияның “Қауырт соғыс” жоспарының аты?
 - а) Барбаросса;
 - ә) Шлиффен;
 - б) Гинденбург.
3. Ипр түбіндегі шайқаста қандай қарудың түрі қолданылды?
 - а) Танк;
 - ә) ұшақ;
 - б) газ.
4. Үштік одаққа кірген қосымша мемлекеттер:
 - а) Болгария, Түркия;
 - ә) Румыния, Болгария;
 - б) Италия, Грекия.
5. Верден шайқасында бірінші рет соғыс техникасының қандай түрлері қолданылды?
 - а) Танк, пулемет, автокөлік;
 - ә) зеңбірек, пулемет, мылтық;
 - б) дирижабль, танк, отшашар (огнемет).
6. Верден түбіндегі шайқасты қандай шайқас деп атайды?
 - а) “Қырғын соғыс”;
 - ә) “Қорғаныс шайқасы”;
 - б) “Қанды шайқас”.

7. 1917—1918 жылдары болған басты майданды атаңдар.
- а) Италия;
 - ә) Грекия;
 - б) Батыс.
8. 1917—1918 жылдары негізгі соғыс қимылдары болған жерлер:
- а) Марна, Ипр;
 - ә) Верден, Сомма;
 - б) Реймс, Суассон.
9. Ресей қандай себептерге байланысты Рига шығанағынан кетуге мәжбүр болды?
- а) Брест-Литовск келісіміне байланысты;
 - ә) Немістердің Моонзунден бекінісін басып алуына байланысты;
 - б) Батыс майдандағы сәтті шабуылға байланысты.
10. Антантаның 1918 жылы қыркүйек-қазан айларындағы шабуылы қай жерден басталды?
- а) Солтүстік теңізден Италияға дейін;
 - ә) Франциядан Бельгия аумағы арқылы;
 - б) Балтық теңізінен Қара теңізге дейін.
11. Германияның теңіздегі шайқасы қашан басталды?
- а) 1915 ж. ақпанда;
 - ә) 1915 ж. 22 сәуірде;
 - б) 1915 ж. 7 мамырда.
12. Ағылшынның “Лузитания” кемесі қашан суға батырылды?
- а) 1915 ж. 7 мамыр;
 - ә) 1916 ж. 1 шілде;
 - б) 1917 ж. сәуір.
13. Болгарияның соғысқа кіруінің Германия үшін маңызы қандай болды?
- а) Сербтердің қарсылығын басты;
 - ә) соғыс қимылдарының Грекия аумағына ауысуына байланысты жағдайды бақылауға алды;
 - б) Түркия әскерлері Кавказ бен Сириядағы ағылшындар мен француздардың Дарданелге шабуылын тежеді;
 - в) жоғарыда аталғандардың барлығы.
14. Германия қай жерде улы газды пайдаланды?
- а) Верден;
 - ә) Марна;
 - б) Ипр.

15. Германия суасты соғысын қашан бастады?

- а) 1915 ж.;
- ә) 1916 ж.;
- б) 1917 ж.

16. Төрттік одаққа кірген мемлекеттер:

- а) Румыния, Болгария, Грекия, Италия;
- ә) Австро-Венгрия, Германия, Болгария, Түркия;
- б) Ұлыбритания, Франция, Румыния, Ресей.

17. Германияның Антантаға қарсы соңғы шабуылы қашан басталды?

- а) 1918 ж. 15 қыркүйек;
- ә) 1918 ж. 15 шілде;
- б) 1918 ж. 15 қазан.

18. Австро-Венгрия қашан тізе бүкті?

- а) 1918 ж. 3 қараша;
- ә) 1918 ж. 11 қараша;
- б) 1918 ж. 15 шілде.

19. Бірінші дүниежүзілік соғыстың болған уақыты:


- а) 1914 ж. 28 шілде — 1918 ж. 11 қараша;
- ә) 1914 ж. 3 тамыз — 1918 ж. 3 қараша;
- б) 1914 ж. 28 маусым — 1918 ж. 3 наурыз.

20. Брест-Литовск келісімі қашан жасалды?

- а) 1918 ж. 3 наурыз;
- ә) 1918 ж. 23 ақпан;
- б) 1918 ж. 3 қараша.

8-тапсырма. Осман империясының құрамында болған, кейін өз тәуелсіздігін алған мемлекеттерді жазыңдар.

Осман империясы



9-тапсырма. Мына пікірталас сұрақтарына жауап беріңдер.

1. 1912, 1913 жылдардағы және қазіргі кезеңдегі Балқан соғыстарының шығу себептері қандай?
2. Балқан мәселесі түбегейлі шешілді деп ойлайсыңдар ма?

II тарау. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ДҮНИЕЖҮЗІ (1918—1939 жж.)

§ 3. ВЕРСАЛЬ-ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Германия императоры II Вильгельм қандай жолмен бітім жасауға шешім қабылдады?
2. В. Вильсонның “14 тармағының” талаптары қандай болды?
3. Германиядағы қандай оқиғаларға байланысты Англия мен Франция Вильсонмен келісімге келуге дайын екендігін мәлімдеді?
4. Компьен орманында генерал Фоштың неміс командованиесіне қойған талаптары қандай? Жауаптарыңды дәлелдендер.
5. Германия империясының құлауының негізгі себептерін анықтаңдар. Жауап үлгілері:
 - а) Германияның Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілуі;
 - ә) Киль теңізшілерінің көтерілісі;
 - б) Бірінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде туған әлеуметтік-экономикалық, саяси дағдарыстар.
6. Осман империясының соңғы билеушісі туралы не білесіңдер?

2-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. Картадан Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жаңадан құрылған мемлекеттерді тауып, кестені толтырыңдар.

Жаңа мемлекеттер	Басқару жүйелері

2. Осман империясының иеленген аумағын картадан көрсетіндер.
3. Осман империясының құлауына байланысты құрылған мемлекеттерді картадан табыңдар.
4. Франция мен Англияға берілген жерлерді (Осман империясы құрамынан) картадан көрсетіндер.
5. Австро-Венгрия мен Германиядан Чехословакияның аумағына енген жерлерді картадан тауып, анықтаңдар.

3-тапсырма. Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тарихшылар КСРО-ның құрылуы тоталитарлық жүйенің құрылуының басы болды деп есептеді. Бұл жөнінде тарихшылардың көзқарасы қандай? Жауаптарыңды дәлелдендер.
2. Бірінші дүниежүзілік соғыста 1,5 млрд-қа жуық адамы бар аумақта соғыс жүргізіліп, шамамен 10 млн адам қаза тапты. Қаза тапқандардан мүгедек адамдар 2 еседей көп болды. Тағы қандай мәліметтерді келтіруге болады?
3. Германия мен Антанта әскерлерінің бейбіт халықпен қарым-қатынасы қандай болды? Фактілер келтіріндер.

4. АҚШ президенті В.Вильсонның “Бейбітшілікті қолдау” бағдарламасының (14 тармағы) Англия мен Францияны қанағаттандыра алмағандығының мәнісі неде?
5. Версаль келісімшарты Германия үшін неліктен ауыр болды? Мысалдар келтіріп, пікірлерінді дәлелдендер.

4-тапсырма. Оқиғаларды ретімен орналастырындар.

- а) М. Хортидің диктаторлық режимі орнады.
- ә) Югославия корольдігі құрылды.
- б) А. Сметана басқарған Литва мемлекеті құрылды.
- в) Түркияның ұлттық жиналысы құрылды.
- г) Венгр Кеңестік Республикасы жарияланды.
- д) Социал-демократ К. Реннер Австрия мемлекетінің негізін қалады.
- ж) Құрылтай сеймі Литва Конституциясын қабылдады.
- з) Ю. Пильсудский әскери төңкеріс жасап, өзінің іс-әрекетін “сауықтыру” — “санация” деп атады.
- и) М. Кемал Түрік Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды.

5-тапсырма. Оқиғалардың қай елде болғандығын анықтаңдар.

1. Санария ұрысында грек басқыншылары талқандалды.
2. Конференция 1921 жылдың 11 қарашасынан 1922 жылдың 6 ақпанына дейін өтті.
3. Елде парламент және көппартиялық жүйе сақталып, коммунистердің қызметіне тыйым салынды.
4. 1922 жылы тәуелсіз кеңестік республикалар жарияланды.
5. Германия үшін шешімі маңызды болған конференция өткен жер.
6. Қазан төңкерісі арабтардың арасында тәуелсіздік идеясын бекітті.

6-тапсырма. Деңгейлік тапсырма. Кестенің сол және оң қатарындағы нүктелердің орнын толтырындар. А-тобы.

1. Нәзір Төреқұлов	1. ...
2. ...	2. Вашингтон конференциясында қабылданған теңіз қару-жарақтарын қысқарту туралы құжат
3. “Құқық қорғау қоғамы”	3. ...
4. ...	4. Жапония басып алған Шаньдун түбегін Қытайға қайтаруға мәжбүр еткен жоба шарты
5. “Ашық есік”, “тең мүмкіндік”	5. ...
6. ...	6. Мемлекеттік саясаттың түрі
7. 1915 ж. 6 қарашада Герман әскері Польшаны жаулап алды	7. ...
8. ...	8. Түрік халқының ұлт-азаттық қозғалысы

7-тапсырма. Деңгейлік тапсырма. Мәтіндегі бұрмаланған сөйлемдерді табыңдар. Б-тобы.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропада аса ірі екі империя Габсбургтер және Осман империясы құлады. Ал Азияда Патшалық Ресей империясы ыдырады.
2. Эльзас пен Лотарингия Бельгияға қайтарылды, ал Эйпен мен Мальмеди округтері Данияға берілді. Латвия мен Эстонияда парламенттік республикалар құрылды. Париж конференциясында Францияның алға қойған міндеті — Германияны әлсірету еді.
3. Ұлыбритания соғыстың барысында қатты зардап шегіп, несие беруші елден қарыздар елге айналды. Ұлттар Лигасын құрушының бірі Ұлыбритания оның қатарына кірмей қалды.

8-тапсырма. Деңгейлік тапсырма. Мына конференциялардың болған жылы, маңызы, қорытындысы туралы айтып беріңдер. В-тобы.

1. Версаль бітімі.
2. Париж конференциясы.
3. Вашингтон конференциясы.
4. Сан-Ремо келісімі.
5. Бриан-Келлог пактісі.
6. Локарно конференциясы.
7. “Рейн кепілдік” пактісі.

9-тапсырма. Австро-Венгрия ыдырағаннан кейін құрылған мемлекеттердің басшылары мен мемлекеттік құрылысы туралы кестені толтырыңдар.

Жаңа мемлекеттер	Басшылары	Мемлекеттік құрылысы
Австрия		
Венгрия		
Чехословакия		
Югославия		

10-тапсырма. Жеке қайраткерге баға беруге арналған 89-беттегі “Жаднаманың” 3, 4, 5, 6-сұрақтары бойынша Мұстафа Кемалға сипаттама беріңдер.

11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Версаль келісімшартының Германия үшін қаншалықты ауыр болғандығына мысалдар келтіріп, пікірлерінді дәлелдендер.
2. Германия мен Венгриядағы толқулардың Австрияға тигізген әсері туралы не білесіңдер? Мысалдар келтіріңдер.

§ 4. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БӘСЕНДЕУІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Германиядағы революцияның басты себептерін атаңдар.
2. Веймар Республикасының ішкі және сыртқы саясатына сипаттама беріңдер.

3. Батыс елдеріндегі демократиялық реформалардың сипаты қандай болды? Мысал келтіріңдер.

2-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. Картадан Германияның Киль қаласын табыңдар. Киль қаласындағы теңізшілердің көтерілісі туралы әңгіме құрыңдар.
2. Германия мен Венгриядағы көтеріліс болған қалаларды картадан көрсетіңдер, көтерілістің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра отырып әңгімелеңдер.
3. Берлин жұмысшылары көтерілісінің аудандарын картадан көрсетіңдер. Көтерілістің шығу себептері туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.

3-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңдер.

Сөзжұмбақ сұрақтары:

1. Веймар Республикасының соңғы президенті.
2. Германия экономикасын милитарландыру жоспарының авторы.
3. 1923 жылы АҚШ-тың республикашылдар партиясынан сайланған президент.
4. Германия фашистерінің көсемі.
5. “Жаңа бағыт” бағдарламасының негізін қалаған АҚШ президенті.
6. Биліктің қатаң бір жолға жиналу тәртібі.
7. Чехословакияны бөлісу жөнінде келісімге қол қойылған қала.
8. АҚШ-тағы ең үлкен қала.
9. Германия премьер-министрінің басқаша атауы.
10. Германияның заң шығарушы органы.
11. 1923 жылы Германияда коммунистердің басшыларымен көтеріліс ұйымдастырған қала.
12. 1926 жылы Ұлттар Лигасына қабылданған мемлекет.

1										2	
			3							4	
			5								6
											7
				8							
9						10					
		11							12		

4-тапсырма. Оқиғаларды жылдармен сәйкестендіріңдер.

Оқиға	Жылы
1) Компен уақытша бітіміне қол қойылды	а) 1910 ж. құрылтай жиналысында
2) Веймар Республикасы құрылды	ә) 1918 ж. 3 қарашада
3) Киль қаласында теңізшілердің көтерілісі болды	б) 1918 ж. 11 қарашада
4) Жұмысшы Социалистік Интернационал құрылды	в) 1918 ж. наурызда құрылтай конгресінде
5) Коммунистік Интернационал құрылды	г) 1923 ж. Бернде
6) Баварияда кеңестік республика жарияланды	д) 1918 ж.
7) “Спартак” ұйымы құрылды	е) 1919 ж. сәуірде

1	2	3	4	5	6	7

5-тапсырма. Соғыстан кейінгі Еуропа елдерінде дамудың екі жолын таңдаған мемлекеттерді атап жазып, себептерін түсіндіріңдер.

6-тапсырма. Не себепті Версаль-Вашингтон жүйесі тұрақты болмады? Өз көзқарастарыңды дәлелдендер.

7-тапсырма. Ресейдегі Қазан төңкерісі не себепті Германияға әсерін тигізді? Сұраққа жауапты тезис түрінде беріңдер.

§ 5. КСРО-да ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ОРНАУЫ

1-тапсырма. Кеңес өкіметінің алғашқы декреттері туралы кестені толтырыңдар.

Декреттер	Қабылданған уақыттары	Қысқаша мазмұны

2-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

Тест сұрақтары

1. 1917 жылы қазан айында құрылған Жоғарғы өкімет билігіне қайсысы жатады?
 - а) Кеңестердің Бүкілресейлік съезі;
 - ә) Халық Комиссарлар Кеңесі;
 - б) Құрылтай жиналысы;
 - в) Мемлекеттік Дума.
2. Кеңес өкіметінің алғашқы басшысы кім?
 - а) Я.М. Свердлов;
 - ә) В.И. Ульянов (Ленин);
 - б) Л.Д. Троцкий;
 - в) дұрыс жауабы жоқ.
3. 1917 жылы қазаннан наурыз айына дейінгі Кеңес өкіметінің қаулыларына қайсысы жатпайды?
 - а) “Бітім туралы” Декрет;
 - ә) “Жер туралы” Декрет;
 - б) “Бүкіл өкімет билігі кеңестерге берілсін!”;
 - в) “Шығыс пен Ресейдің барлық еңбекші мұсылмандарына”;
 - г) “Бұйрық №1”.
4. Ресей Бірінші дүниежүзілік соғыстан қай жылы шықты?
 - а) 1918 ж. қараша;
 - ә) 1917 ж. қазан;
 - б) 1918 ж. наурыз;
 - в) 1918 ж. мамыр.
5. “Алашорда” үкіметінің басшысын атаңдар.
 - а) Ө. Бөкейханов;
 - ә) Т. Рысқұлов;
 - б) А. Байтұрсынов;
 - в) Н. Нұрмақов.
6. Ақ гвардияшылар әскерінің қолбасшысы болмағаны қайсысы?
 - а) А.В. Колчак;
 - ә) А.И. Деникин;
 - б) П.Н. Врангель;
 - в) Б. Жанекешев.

3-тапсырма. Мына қайраткерлердің қандай қызметтер атқарғанын жазыңдар.

- 1) С.С. Каменев —
- 2) М.В. Фрунзе —
- 3) А.И. Егоров —

- 4) М.Н. Тухачевский —
- 5) В.К. Блюхер —
- 6) М. Дулатұлы —
- 7) С. Сейфуллин —
- 8) М. Тынышбаев —
- 9) А.И. Вернадский —
- 10) Н. Айтанов —
- 11) С. Қожанов —


4-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырындар.

- а) 1920 жылы Польшаға қарсы ... бастаған ... майданы құрылды. ... бастаған Кеңес әскерлері ... қазан айында ... тобын талқандап, Кеңес өкіметінің билігін тұрақтандырды.
- ә) ... жылы Мәскеу қаласында 30 елдің өкілдері қатысқан ... конференция болып өтті. Коминтерннің II конгресінде ... жылы Коминтернге қабылдаудың ... жарияланды.

5-тапсырма. Оқиғаларды жылдарына қарай ретімен орналастырындар.

- а) Қызыл Армияны құру туралы қаулы қабылданды.
- ә) Орынборда өткен жалпықазақ съезінде “Алаш” партиясы құрылды.
- б) “Жаңа экономикалық саясат” енгізілді.
- в) Коминтерннің II конгресінде Коминтернге қабылдаудың “21 шарты” жарияланды.
- г) КСРО-дағы екінші бесжылдық кезеңі.
- д) Кеңес-ағылшын сауда келісіміне қол қойылды.
- ж) АҚШ пен КСРО арасындағы дипломатиялық келісімшартына қол қойылды.

6-тапсырма. Осы аталған кезеңге сәйкес келетін оқиғаларды көрсетіндер.



7-тапсырма. Өңгіме кім туралы екенін анықтаңдар.

а) Симбирск қаласындағы училище инспекторының отбасында дүниеге келген. Петербургтегі университеттің заң факультетін бітірді. Әйгілі адвокат, IV Мемлекеттік Думаның депутаты. Тамаша шешен, аса қабілетті, еңбек сүйгіш, жылдам жүріп, шапшаң сөйлейтін адам.

Көптеген пікірлер бойынша, әлем саясаткерлердің ешқайсысы да дүниежүзілік тарих барысын өзгертуге мұндай ықпал жасай алмаған.

ә) Уақытша үкіметтің Қазақстандағы өкілі. География оқулығының авторы. Орман шаруашылығы факультетін бітірген. Ғалым, саясаткер, түрколог. Азамат соғысы кезінде Дутовтың жасағында Кеңес Одағына қарсы соғысты. “Алаш” партиясының негізін қалаушы. 1937 жылы сталиндік зобалаңның құрбаны болды.

8-тапсырма. Оқиғаларды жылдарына қарай ретімен орналастырындар.

- а) КСРО Ұлттар Лигасының мүшелігіне қабылданды;
- ә) Кеңес-Иран келісіміне қол қойылды;
- б) “Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасын құру жөнінде” Декрет қабылданды;
- в) Қиыр Шығыстағы Владивосток азат етілді;
- г) М.В. Фрунзе бастаған Кеңес әскерлері Врангель тобын талқандады;
- д) Азамат соғысының екінші кезеңі;
- ж) Кеңестердің II Бүкілресейлік съезінде Халықаралық Комиссарлар Кеңесі құрылды;
- з) Кавказға Түркия әскерлері басып кірді.

9-тапсырма. Аталған кезеңге сәйкес келетін оқиғаларды көрсетіндер.

- а) Орталық Атқару Комитетін сайлады;
- ә) “Бітім туралы” Декрет қабылданды;
- б) Бүкілресейлік төтенше комиссия және жұмысшы-шаруа милициясы;
- в) “Жер туралы” Декрет;
- г) Социалистік индустрияландыру жобасы белгіленді;
- д) КСРО-ның II съезі Одақтың Конституциясын қабылдады;

10-тапсырма. Өңгіме не туралы? Анықтаңдар.

а) Бұл оқиға тарихта төтенше саясат деп аталды. Ірі, орта, шағын кәсіпорындар мемлекет бақылауына алынды. Жұмысшылар ақысыз еңбек етті. Мемлекеттік меншіктеу күшейді. Аштық, індет басталды. Кейбір жерлерде үкіметке қарсы туындаған наразылықтар көтеріліске ұласты. Елдің экономикасы дағдарысқа ұшырады. Шетелдер көмек беруден бас тартты.

б) РК(б)П-ның X съезінде қабылданды. Шағын, орта кәсіпорындар жекеменшік иелеріне қайтарылды. Жерді жалға алуға, жалдамалы жұмыс істеуге рұқсат берілді. Ірі кәсіпорындарда мемлекеттік монополия сақталды. Жекеменшік қонақүйлер, мейрамханалар, дүкендер қайта ашылды. Кәсіпорындарды тікелей шетелдерге жалға беруге мемлекет келісім берді. Жұмыссыздық азайды. Пәтерақы, көлікақы төлеу енгізілді. Экономика көтеріле бастады.

§ 6. АҚШ: “ЖАҢА БАҒЫТ” САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ЕЛДЕРІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Неліктен “Жаңа бағыт” бағдарламасының енгізілуі АҚШ-тың тарихындағы бетбұрыс болып табылады? Қосымша деректер мен оқулық мәтінін пайдалана отырып, пікірлеріңді дәлелдендер.
2. 1929—1932 жылдардағы АҚШ-тағы экономикалық дағдарыстың көріністеріне мысалдар келтіріңдер.
3. “Солға ығысу” саясаты дегеніміз не? Мәні мен сипатын түсіндіріңдер.
4. “Жаңа бағыт” саясатының маңызын айтып беріңдер.
5. 1929—1932 жылдардағы АҚШ-тың экономикалық дағдарыс кезеңіндегі фермерлердің күйзелісі туралы суретті жоспар құрыңдар (жоспардың үлгісін §17 қараңдар).

2-тапсырма. Жаднаманың (қайраткерлерге баға беруге арналған) 3, 4, 5, 6-сұрақтарын пайдаланып, Ф.Рузвельттің іс-әрекетіне баға беріңдер.

3-тапсырма. а) “Гүлдену” (просперити) терминінің мағынасын түсіндіріп беріңдер; ө) АҚШ-тағы гүлдену кезеңінің ерекше сипатына тоқталып, баға беріңдер.

4-тапсырма. Қысқартылып берілген Нира, ААА сөздерінің мағынасын түсіндіріп, бұл заңдардың маңызын атап беріңдер.

5-тапсырма. Әлеуметтік реформаларды атап, еңбекшілердің өміріне әсер еткен жақтарын айтып, бұл демократияның дамуы деуге бола ма деген сұраққа өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

6-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Елдер	Революцияның сипаты	Қозғаушы күштері	Маңызы
Мексика			
Қуба			

7-тапсырма. Б. Карденастың қызметіне баға беріңдер.

8-тапсырма. Мачадо диктатурасына сипаттама беріңдер.

§ 7. ҰЛЫБРИТАНИЯ

1-тапсырма. Кестені толтырындар.

Саяси көзқарастар

	Ллойд Джордж	Рамсей Макдональд
Ішкі саясаттағы көзқарастары		
Сыртқы саясаттағы көзқарастары		

2-тапсырма. Мына премьер-министрлердің қызмет еткен жылдарын жазындар.

1. Л. Джордж —
2. С. Болдуин —
3. Р. Макдональд —
4. Г. Асквит —

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Екі партиялық басқару жүйесінің дағдарысы қандай уақыт аралығын қамтыды? Себептері қандай?
2. Лейбористер Ұлыбританияның саяси жүйесінде өз үкіметін қашан құрды? Алғашқы үкіметтің ұзақ өмір сүрмеуінің басты себебі неде? Пікірлеріңді дәлелдендер.

4-тапсырма. Өр қатардан әріптер ала отырып құрастырғанда 1924 жылы Р.Макдональд құрған үкіметтің аты шығады.

Ү	Л	Ж	Д	Е	Ы	Б	А	И	В	Ж	Ө
Р	Е	И	Л	С	М	Т	К	В	А	У	М
А	Б	К	Н	О	В	А	И	Б	Е	Я	В
Д	А	Ө	З	Ғ	Ң	Ы	Л	О	Е	Ф	Й
Б	О	У	Р	Ү	И	С	Р	Ж	Т	Ө	Т
І	С	К	Ү	Ф	К	Ю	І	М	Ж	Ғ	Т

5-тапсырма. Төмендегі жауаптармен келіскен жағдайда оң (+) таңбаны, келіспеген жағдайда теріс (-) таңбаны қою арқылы белгілендер.

1. Л. Джордж үкіметі сайлауға қатысу үшін негізделген мүлктік шектелімді жойды.
2. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Англияның экономикасы құлдырады.
3. Англиядағы өнеркәсіп дағдарысының көрінісі — 1926 жылғы жұмысшылардың ірі ереуілі болды.

4. Жапшай ереуілдер парламенттік демократияны құлатуға бағытталды.
5. Жұмысшы қозғалысының өршуінің нәтижесінде лейбористік партия құрылды.
6. С.Болдуин үкіметі елді дағдарыстан шығара алмады.
7. Ұлыбритания жаңа техниканы өндіріске енгізу арқылы Америка мен Германияны сыртқы саудадан ығыстыруға мүмкіндік алды.
8. 1924 жылы Р. Макдональдтың бірінші лейбористік үкіметі құрылды.
9. Сыртқы саясатта отарлардың тәуелсіздік алу жолындағы күресін қолдады.
10. Версаль жүйесінен кейін Англияның Еуропадағы позициясы әлсіреді.

§ 8. ФРАНЦИЯ МЕН ИСПАНИЯ. ХАЛЫҚТЫҚ МАЙДАН

1-тапсырма. АҚШ-тың “Жаңа бағыт” саясатынан Франциядағы халық майданы саясатының ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы кестені толтырыңдар.

	АҚШ	Франция
Айырмашылықтары		
Ұқсастықтары		

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Испаниядағы азамат соғысының себептері туралы не білесіңдер? Бұл соғыстың ең басты себептерін атаңдар.
2. Мантиньон келісімінің шарттарын атаңдар.
3. Францияда халық майданының дағдарысқа ұшырау себептері туралы айтып беріңдер.

3-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. Азамат соғысы қамтыған Испанияның негізгі аудандарын картадан тауып, оларға сипаттама беріңдер.
2. Испанияға келген интернационалдық бригадалардың соғысқан жерлерін картадан тауып, олардың атқарған рөлі туралы айтыңдар.
3. Картадан 1936—1939 жылдардағы азамат соғысы болған аудандарды тауып көрсетіңдер.
4. Испан фашизмінің өзіндік ерекшелігі неде? Пікірлерінді дәлелдендер.

4-тапсырма. “Жаднаманың” 3, 4, 5-сұрақтары бойынша социалист Леон Блюмнің қызметіне баға беріңдер.

5-тапсырма. Ұғымдармен жұмыс. Сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.

- | | |
|-------------|---------------------|
| 1. Фалангі; | 5. Франко төртібі; |
| 2. Кортес; | 6. Испания фашизмі; |

3. Халық майданы;
4. Әскери хунта;

7. Интернационалдық бригадалар.

6-тапсырма. Логикалық сұрақтар.

1. Неліктен Франциядағы фашизмге қарсы күрес экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру әрекетімен бірге қарастырылды? (Жауаптарыңды дәлелдеу үшін оқулық пен қосымша деректерді пайдаланыңдар.)
2. Испаниядағы халық майданы фашизмге қарсы күресте неліктен жеңіліс тапты? Жауаптардың үлгісі:
 - а) франкшілердің әскери күшінің республикашылдарға қарағанда артықшылық жағдайда болуына байланысты;
 - ә) франкшілерге Германия мен Италияның көмек беруінен;
 - б) Испанияда фашистердің үкімет басына келуіне халықаралық жағдайдың қолайлы болуынан.
 Тағы қандай себептері болуы мүмкін? Жауаптарыңды дәлелдендер.

§ 9. ИТАЛИЯ МЕН ГЕРМАНИЯДАҒЫ ФАШИЗМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Веймар Республикасының дағдарысқа ұшырауының себептерін айтыңдар.
2. Герман Герингтің төрт жылдық жоспарының басты міндеті қандай болды? Оқулықтан мысалдар келтіріп, айтып беріңдер.
3. Антисемитизм саясатының зардаптары туралы пікірлеріңді айтыңдар.
4. XX ғасырдың 30-жылдарының соңында Германия экономикасының көтерілуінің қандай себептері болды? Оқулықтағы мәліметтерге сүйеніп, мысалдар келтіріңдер.
5. XX ғасырдың 30-жылдарының соңындағы Германияның сыртқы саясатына сипаттама беріңдер.

2-тапсырма. Мына кестені талдап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Рейхстагтағы сайлаудың көрсеткіші (% есебімен)

Партиялар	20.V.1928	14.IX.1930	31.VII.1932	06.XI.1932
ГКП	11	13	15	17
ГСДП	30	25	22	20
Орталық және т. б. партиялар	40	25	20	15
ГҮСЖП	2,6	18	37	33

1. Нацистердің ықпалының күшею себептері неде?
2. Неліктен 1932 жыл Германиядағы дағдарыстың шыңы деп аталады?

3-тапсырма. Германия фашизмі мен Италия фашизмінің айырмашылықтары туралы төмендегі кестені толтырыңдар.

Италия фашизмінің белгілері	Германия фашизмінің белгілері

4-тапсырма. Неміс экономикасын қайта құрудың жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетіп, төмендегі кестені толтырыңдар.

Жетістіктері	Кемшіліктері

5-тапсырма. Төмендегі сөздердің мәнін түсіндіріңдер.

- | | |
|-----------------------------|---------------------------|
| 1. “Гетто”. | 4. “Неміс еңбек майданы”. |
| 2. “Берлин — Рим осі”. | 5. “Сыра бүлігі”. |
| 3. “Антикоминтерндік пакт”. | 6. “Аншлюс”. |

6-тапсырма. Оқиғаларды ретіне қарай орналастырыңдар.

- а) Мюнхен келісімі;
- ә) Саар облысын қосып алуы;
- б) Геттолардың құрылуы;
- в) Гитлерді рейхсканцлер етіп сайлауы;
- г) Саяси құпия полициясы — Гестапоның құрылуы;
- д) 25 жасқа дейінгі ер балалар мен қыздар үшін еңбек міндеткерлігінің енгізілуі;
- ж) Куно кабинетінің қызметтен кетуі;
- з) Веймар Республикасының құлауы;
- и) Германия Еуропа елдерінің арасында екінші орынға шықты;
- к) Италия Албанияны басып алды;
- л) Италия-Эфиопия соғысы.

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Фашизмнің сипатты белгілері дегеніміз не?
2. Италияда фашистік топтар жорығының салдары қандай болды?
3. “Азық-түліктік сословие” дегеніміз не?
4. “Неміс еңбек майданы” ұйымының қызметі неде болды?

8-тапсырма.

1. “Маттеоти дағдарысы” дегеніміз не?
2. Авентин блогының әлсіреу себебі неде болды?

3. Фашистік диктатураның негізгі органдарының қызметі туралы не білесіңдер?

9-тапсырма.

1. Муссолини үкіметі сыртқы саясатының сипаты туралы әңгімелеп беріңдер.

§ 10. ЖАПОНИЯ. ҚЫТАЙ. МОҢҒОЛИЯ

1-тапсырма. Оқиғаларды сөйкестендіріп жазыңдар.

Қызметі	Қайраткерлер
1) “Үш халықтық қағиданың” негізін салушы	а) Чан Кайши
2) Гоминьдан партиясының өкілі, генерал	ә) Сунь Ятсен
3) Қытай ұлттық-революциялық армиясының Бас кеңесшісі	б) Мао Цзэдун
4) Қытай жұмысшы-шаруа үкіметінің төрағасы	в) В.К.Блюхер
5) Моңғолияның соңғы боғдыханы	г) Танака
6) Жапон премьер-министрі	д) Джебзун-Дамба-хутухта
7) Қытай Қызыл Армия қолбасшысы	ж) Х. Чойбалсан
8) Моңғол Халық Республикасының үкімет басшысы	з) Чжу Дэ

1	2	3	4	5	6	7	8

2-тапсырма. Төмендегі сөздер мен ұғымдардың мағынасын түсіндіріңдер.

- | | |
|-------------------------|-----------------|
| 1) “Үлкен соғыс”; | 6) тугрик; |
| 2) “Үштік пакт”; | 7) “Тунмынхой”; |
| 3) “4 мамыр” қозғалысы; | 8) “Синхай”; |
| 4) Гоминьдан; | 9) ламаизм; |
| 5) Халық хуралы; | 10) боғдыхан. |

3-тапсырма. Қытайдағы 1927—1937 жылдардағы азамат соғысына арналған кестені толтырыңдар.

Басты оқиғалары	Жылдары	Нәтижелері

4-тапсырма. Дұрыс жауабын табыңдар.

Тест сұрақтары

1. Сунь Ятсен Қытайдың президенті болып қай жылы сайланды?
 - а) 1912 ж.;
 - ә) 1924 ж.;
 - б) 1913 ж.;
 - в) 1925 ж.
2. Мәскеу Қытай Шығыс теміржолын қай жылы Жапонияға сатты?
 - а) 1925 ж.;
 - ә) 1927 ж.;
 - б) 1926 ж.;
 - в) 1928 ж.
3. Қытай халқының Жапония басқыншыларына қарсы күресі қай жылдары болды?
 - а) 1938—1946 жж.;
 - ә) 1937—1945 жж.;
 - б) 1936—1939 жж.;
 - в) 1935—1940 жж.
4. Халық хуралы қай жылы құрылды?
 - а) 1921 ж.;
 - ә) 1922 ж.;
 - б) 1923 ж.;
 - в) 1924 ж.

5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Чан Кайши үкіметі

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары

6-тапсырма. “4 мамыр” қозғалысына байланысты құрылған кестені толтырыңдар.

Себебі	Қозғаушы күштері	Сипаты	Маңызы

7-тапсырма. Өңгіме не туралы екенін анықтаңдар. Жауаптарыңды дәлелдендер.

а) Конституция негізінде мемлекет діннен бөлініп шығып, зайырлы ел екенін жариялады. Мемлекеттік сауда-өндірістік банкі ашылды. Ұлттық ақша енгізу заңын жариялады. Ірі феодалдардың мал басы, жекеменшік мүлкі, үй-жайлары тәркіленді. Орыс алфавитіне (кириллица) көшті. Жаңадан құрылған мемлекет өзінің ерекшелігімен сипатталды;

ә) соғыс жылдары және соғыстан кейін жеңіл өнеркәсібі анағұрлым дамыды. Еуропа елдерінің тарапынан бәсекелестік әлсіреді. Жұмысшылардың негізгі тобы — шетел кәсіпорындары мен портты қалаларда жұмыс істеді. Банктердің саны өсті. Өнеркәсіптің дамуына ірі қаржы алу көмегін тигізді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіргенімен, солдат жібермей, тек жұмысшыларын Еуропаға жөнелтті.

§ 11. ҮНДІСТАН ЖӘНЕ АЗИЯ ЕЛДЕРІ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. М.К.Гандидің “Күш қолданбай қарсыласу” саясатының мәнін түсіндіріңдер.
2. Түз шеруінің нәтижесі қандай болды?
3. “Мархаэнизм” теориясының міндетін анықтаңдар.
4. “Шахривар оқиғасының” маңызы неде?

2-тапсырма. Оқиғаларды жылдарымен сөйкестендіріңдер.

Оқиға	Жылы
1) Харталға — жаппай ереуілге шығу ұйымдастырылды	а) 1945 ж. 23 ақпан
2) Бүкілүнділік кәсіподақтар конгресі өмірге келді	ә) 1921 ж. 26 ақпан
3) Үндістан Конституциясының қабылдануы	б) 1919 ж. 6 сәуір
4) Индонезия ұлттық партиясы құрылды	в) 1923 ж. 29 қазан
5) Мәскеуде Иран мен Кенес үкіметі арасында достық келісімге қол қойылды	г) 1935 ж. тамыз
6) Тегеран конференциясы өтті	д) 1923 ж. 10 сәуір
7) Түркия Республикасы жарияланды	ж) 1927 ж.
8) Ауғанстанның Конституциясы жарияланды	з) 1943 ж. 28 қараша, 1 желтоқсан
9) Түркия Германияға қарсы соғыс жариялап, антигитлерлік коалицияға кірді	и) 1920 ж. мамыр

1	2	3	4	5	6	7	8	9

3-тапсырма. Сөздердің мағыналарын түсіндіріңдер.

Ахимса, хартал, тархэндер, шахривар, этатизм, лаицизм, Ататүрік, доктрина, ашар салығы, сварадж, сатьяграха, халиф, халифат.

4-тапсырма. М. Кемал үкіметінің экономикасындағы басты саясатты анықтап түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Жауаптарын сәйкестендіріңдер.

Қайраткерлер	Қызметі, атағы
1) М.К. Ганди	а) Англия үкіметінің Үндістандағы министрі
2) А. Сукарно	ә) Қоғам қайраткері, ақын, философ
3) С. Криппс	б) Үндістан азаттық қозғалысының басшысы
4) Дж.Неру	в) Индонезия Ұлттық партиясының негізін қалаушы
5) И. Икбал	г) ҮҰК-нің негізін қалаушы қайраткер
6) И.Р.Пехлеви	д) Сатъяграха қағидасының негізін қалаушы

1	2	3	4	5	6

6-тапсырма. Тест сұрақтарының дұрыс жауабын табыңдар.

Тест сұрақтары

- Бачайо-сакао бүліншілігін басқан Ауғанстан патшасы:
 - Аманолла хан;
 - Нәдір хан;
 - Захид патша;
 - Реза хан.
- 1935 жылғы Үндістан Конституциясы бойынша қандай мемлекеттік басқару жүйесі енгізілді?
 - Парламенттік республика;
 - президенттік республика;
 - парламенттік монархия;
 - федерациялық үкімет.
- Үшінші ағылшын-ауған соғысы қай жылы басталды?
 - 1920 ж. мамыр;
 - 1919 ж. мамыр;
 - 1919 ж. наурыз;
 - 1919 ж. ақпан.
- Түркия Ұлттар Лигасына қай жылы қабылданды?
 - 1938 ж.;
 - 1937 ж.;
 - 1936 ж.;
 - 1939 ж.

5. Үнділіктер қай жылы М.К.Ганди бастамасымен ереуілге шықты?
- 1919 ж. сәуір;
 - 1919 ж. мамыр;
 - 1919 ж. наурыз;
 - 1919 ж. ақпан.
6. 1921 жылы Индонезияда қабылданған құлдықты жою туралы құжат қалай аталады?
- “Ұлттық партия”;
 - “Заңдық кеңес”;
 - “Негізгі заң”;
 - “Ұлтты қорғау”.

7-тапсырма. Мына оқиғалардың қайсысы маңыздырақ?

а) Түркияның жаңа Конституциясы бойынша жарияланған құқықтар: әйелдер теңдігі, еуропалық киім кию үлгісі, еуропалық жыл санау, жаңа латын алфавитін енгізу, азаматтық мектептер ашу, халиф әулетіне ерекше құқықтар беру.

ә) Ағылшын-Иран келісімшартының әділетсіздігіне қарсы халықтың наразылығы күшейді:

- Өзірбайжанда;
- Гилянда;
- Хорасанда, Гуджарадта.

§ 12. АРАБ ЕЛДЕРІ. АФРИКА ҚҰРЛЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕР

1-тапсырма. Кестені толтырындар.

№	Еуропа елдері	Африкадағы иеліктері	Арабия түбегіндегі иеліктері
1	Англия		
2	Франция		
3	Италия		
4	Испания		
5	Германия		
6	Голландия		
7	Португалия		
8	Бельгия		

2-тапсырма. Картамен жұмыс.

- Сан-Ремо келісімі бойынша Англия мен Францияның қарамағына берілген жерді картадан тауып, өңгімелеп беріндер.
- Париж бітім конференциясының шешіміне қарсы болған Сиридағы көтерілісшілер аудандарын картадан көрсетіп, нәтижелерін айтындар.

3-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын түсіндіріңдер.

“Дустур”, “Ақ кітап”, уафдистер, сүнниттік бағыт, зейдизм, уахабизм, кибангизм, панафриканизм, дунам.

4-тапсырма. Сөйлемді толықтырыңдар.

1942 жылы жазда Ливияда генерал ... қолбасшылық еткен ... әскерлерінің шабуылы басталды. Операцияның мақсаты ... жаулап алу еді. Қазан-қараша айларында ... қаласының маңында ірі шайқас болды. ... Шығыс майданындағы оқиғалар ... пен ... шайқастары Германия мен оның одақтастарының Африкада қақтығысуының алдын алды. ... жазда Ливия толық тазартылды.

5-тапсырма. Оқиғаларды сәйкестендіріңдер.

Атқарған жұмысы, атағы	Қайраткерлер
1) Сомали халқының көтерілісінің “құтырған молда” атанған жетекшісі	а) Нури-Саид
2) Сауд Арабиясындағы бірінші Кеңес елшісі	ә) Абд әл-Керім
3) Мароккодағы отаршылдарға қарсы күрестің қайраткері	б) Нәзір Төреқұлов
4) сатқын саясаткер	в) Кваме Нкрума
5) Протестант дінін уағыздаушы “Қара Иса”	г) Мух ибн Абдалла Хасан
6) Гананы тәуелсіз ел ретінде әлемге танытқан жастардың бірі	д) Симон Кибангу

1	2	3	4	5	6

6-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Арабтық Шығыс елдерінің ұлт-азаттық қозғалысы

Елдер	Саяси оқиғалар	Жылдары	Нәтижелері

7-тапсырма. Тест сұрақтарының жауабын табыңдар.

Тест сұрақтары

1. XX ғасырдың басында Африкадағы араб елдерінің алдында тұрған басты мәселелердің бірі:
 - а) фашизмді талқандау;
 - ә) империалистік қанауға қарсы күресу;

- б) мемлекет тәуелсіздігін жеңіп алу;
 - в) отаршылдық бұғауын жою;
 - г) рулық-тайпалық қатынастарды ыдырату.
2. Сауд Арабиясының мұнайы бірінші рет қай жылы шетке шықты?
 - а) 1939 ж. 1 мамыр;
 - ә) 1939 ж. 1 сәуір;
 - б) 1940 ж. 1 тамыз;
 - в) 1939 ж. 1 наурыз.
 3. Сауд Арабиясының негізін салған кім?
 - а) Абдул әл-Азиз ибн Сауд;
 - ә) Нәзір Төреқұлов;
 - б) Абд әл-Керім;
 - в) Шукри-аль Куатли.
 4. Араб мемлекеттерінің лигасы қай жылы құрылды?
 - а) 1945 ж. наурыз;
 - ә) 1945 ж. мамыр;
 - б) 1946 ж. сәуір;
 - в) 1945 ж. маусым.
 5. Лондондағы “дөңгелек үстел конференциясына” неше мемлекет қатысты?
 - а) 6 мемлекет;
 - ә) 5 мемлекет;
 - б) 4 мемлекет;
 - в) 7 мемлекет.
 6. Дара дақыл егісі дегеніміз не?
 - а) Дәнді дақылдардың бір түрін егу;
 - ә) зиялылар қатарын көбейту;
 - б) құнарлы жерлерді ақ нәсілділерге беру;
 - в) тау-кен өндірісін дамыту.

§ 13. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ҚАРСАҢЫ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың басындағы Еуропа елдері мен Еуропадан тысқары елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуының біртұтастығы мен айырмашылықтарын айтыңдар.
2. Еуропа, Батыс Азия, Оңтүстік Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің бірнешеуіне шағын сипаттама беріңдер.
3. Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен қорытындылары қандай болды?
4. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Версаль-Вашингтон жүйесінің өміршең болмауының себептері неде?

5. Жаңа мемлекеттердің құрылуының маңызы қандай болды? Бұл сұраққа жауап бергенде карта, оқулық, лекция материалдары мен қосымша деректерді пайдаланыңдар.
6. АҚШ пен Германияның Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы жедел дамуының себептерін түсіндіріңдер.

2-тапсырма. Дағдарыстан шығудың әртүрлі жолдары мен ерекшеліктері туралы кестені толтырыңдар.

Сұрақтары	Франция	Германия	Ұлыбритания	Италия
1. Экономикасының даму ерекшеліктері				
2. Дағдарыстан шығу жолдары				

3-тапсырма. Кестеде көрсетілген елдердегі экономикалық дағдарыстың салдарын талдаңдар.

4-тапсырма. Берлин — Рим — Токио соғыс одағының құрылуы мен себептері туралы карта мен оқулық материалын пайдаланып, өңгіме құрыңдар.

5-тапсырма. Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Англия мен Францияның сыртқы саясаттағы бағытын анықтаңдар.

- а) Испанияға қарсы ұстанған саясаты;
 - ә) Мюнхен келісімі мәселесіне Англияның араласуы;
 - б) Францияның Германияға қарсы одақтар іздеуі.
- Берілген жауаптардың сипатын, мәнін анықтаңдар.

6-тапсырма. Мына тарихи даталардың оқиғаларын естеріңе түсіріп, жазыңдар.

1. 1935 ж.
2. 1935—1936 жж.
3. 1936—1939 жж.
4. 1936—1940 жж.
5. 1938 ж.
6. 1939 ж.
7. 1940 ж.


7-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Г. Танаканың әлемді бағындыру жоспарының мақсаты қандай болды?
2. “Ішкі теңізіне” айналдыру деген сөздің мағынасы неде?
3. “Антикоминтерндік пакті” дегеніміз не?
4. “Ықпалды аймақтарға” жататын елдерді атап, картадан көрсетіп беріңдер.

III тарау. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1939—1945 жж.)

§14. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ. ГЕРМАНИЯНЫҢ КСРО-ға ШАБУЫЛЫ. ТЫНЫҚ МҰХИТ СОҒЫСЫ

1-тапсырма. Картамен жұмыс.



Картада қалалар мен өзендер атауының орнына сұрақ белгілері тұр. Бұл қандай қалалар мен өзендер екенін анықтаңдар. Тапсырманы орындау үшін географиялық атласты немесе картаны қолдануға болады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде осы жерде болған оқиғаларды естеріңе түсірiңдер.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап берiңдер.

1. Вермахт дегенiмiз не? Германияның басқару жүйесiнiң сипатын айтыңдар.
2. Германияның шабуыл кезiндегi тұңғыш рет қолданған әскери әдiсi туралы әңгiмелендер.
3. КСРО мен Германияның бiрiккен әскери шеруi өткiзiлген жер жөнiнде не бiлесiңдер?
4. КСРО Финляндияға қай жылы және қандай аумағына басып кiрдi?

5. Германияның Батысқа жасаған шабуылы қай елдердің аумақтары арқылы жүргізілді?
6. Франция үшін Германияға қарсы шабуылдың екінші кезеңі қашан басталды?
7. Францияның соғыстан шығуы Ұлыбританияның жағдайын неліктен қиындатты? Пікірлеріңді айтыңдар.
8. КСРО-ның Батыстағы құрамына енген елдерін атаңдар.
9. Англия мен КСРО арасында өзара көмек келісіміне қай жылы қол қойылды? Оның маңызы қандай?

3-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғыстың кезеңдерін атап, әр кезеңіне сипаттама беріңдер.

4-тапсырма. Кестелерді толтырыңдар.

Сұрақтары	Бірінші дүниежүзілік соғыс	Екінші дүниежүзілік соғыс
1. Қанша ел қатысты?		
2. Қанша елдің аумағында соғыс қимылдары жүрді?		
3. Соғысқа тартылған халықтардың саны қанша?		
4. Пайызға шаққанда қанша елдің халқы соғысқа тартылды?		
5. Өскерге шақырылған адамдардың жалпы саны қанша?		

5-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі негізгі соғыс қимылдары туралы кестені толтырыңдар.

Жылдары	Шайқас болған жерлер

6-тапсырма. Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың Бірінші дүниежүзілік соғыстан ерекшеліктерін атап, фактілер келтіріңдер. Тарихи деректерден, хрестоматиялардан дәлел ретінде мәліметтер келтіріп, қосымша материалдар жинақтаңдар.

2. “Оғаш соғыс” дегеніміз не? Өз пікірлеріңді дәлелдендер.

3. Не себепті КСРО Финляндияға қарсы басқыншылық соғыс жүргізді? Нәтижелері қандай болды?

7-тапсырма. Африка мен Балқандағы соғыс қимылдары туралы кестені толтырып, қорытынды жасаңдар.

1. Африка мен Балқандағы соғыстардың Екінші дүниежүзілік соғыстың барысына қандай әсері болды?

2. Болгарияның “Үштік пактіге” қосылуының КСРО үшін қауіптілігі неде болды?

Соғысушы елдер	Тарихи уақыты	Басып алған жерлері	Нәтижелері
1. Германия			
2. Италия			
3. Ұлыбритания			

8-тапсырма. Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. КСРО-ның соғыстың алғашқы кезеңінде (1941—1942 жылдар) жеңілуінің себептері туралы әртүрлі көзқарастарға қандай жауап берер едіңдер?

- а) КСРО соғысқа дайын емес еді;
- ә) И. В. Сталиннің жеке басына табынудың зардаптары;
- б) Германияның соғысқа дайын болып, тәжірибе жинақтауынан;
- в) Англия-Франция мемлекеттерінің жауапсыздығынан;
- г) тарихи қажеттіліктен туған жағдай деп қарауға болады;
- д) КСРО Финляндиямен соғыста әлсіреп қалған еді;
- ж) соғыс қаруларының КСРО-да жетілмеуі, өз дәрежесінде болмауы.

9-тапсырма.

1. КСРО-ның фашистік Германияға қарсы жүргізген негізгі соғыс қимылдарын атап, картадан көрсетіңдер.

2. Мәскеу түбіндегі И. В. Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің ерліктері туралы хабарлама дайындап, өңгімелеп беріңдер.

3. Б. Момышұлы туралы түсірілген “Артымызда Москва” атты фильмнен үзінді қарап, төмендегі сұрақтарға жауап дайындандар:

а) Б. Момышұлының ерліктері туралы қандай кітаптар оқыдыңдар?

ә) Б. Момышұлының Ұлы Отан соғысынан кейінгі жазған қандай шығармаларын білесіңдер?


**§ 15. АНТИГИТТЕРЛІК КОАЛИЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.
ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ.
БҰҰ-НЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

1-тапсырма. Карта мен оқулықты пайдалана отырып, БҰҰ-ның құрылу жүйесі мен қызметіне талдау жасаңдар.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. “Қырғиқабақ соғыстың” себептері туралы айтып беріңдер.
2. ЮНЕСКО, ВОЗ, МОТ, ФАО, ЮНИСЕФ, МВБРР қызметтері туралы әңгімелеп беріңдер (Қысқартылған сөздердің толық атауын IV тарау соңындағы қосымша деректерден қараңдар).
3. БҰҰ-ның Ұлттар Лигасынан айырмашылығы неде? Жауаптарыңды дәлелдендер.

3-тапсырма. Кесте бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі туралы түсінік беріңдер.



4-тапсырма. Оқиғаларды жылдарымен сәйкестендіріп жазыңдар.

Жылы	Оқиға
1) 12 шілде 1941 ж.	а) БҰҰ-ның Мәлімдемесіне қол қойылды
2) Тамыз 1941 ж.	ә) Бірігіп күресу туралы кеңес-ағылшын шартына қол қойылды
3) 24 қыркүйек 1941 ж.	б) Бір-біріне көмектесу туралы кеңес-ағылшын шарты
4) Қыркүйек-қазан 1941 ж.	в) Бірлесіп күресу туралы кеңес-американ шарты
5) 1 қаңтар 1942 ж.	г) Кеңес Одағы “Атлант хартиясына” қосылды
6) 11 маусым 1942 ж.	д) “Атлант хартиясының” қабылдануы

1	2	3	4	5	6

5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

№	Сұрақтар	Сталинград шайқасы	Курск шайқасы	Африка мен Тынық мұхитындағы соғыс қимылдары
1.	Шайқастың уақыты			
2.	Операцияның аты			
3.	Шайқастың кезеңдері			
4.	Негізгі оқиғалары			
5.	Нәтижелері			
6.	Маңызы			
7.	Қорытынды			

6-тапсырма. Сөздер мен ұғымдардың мағынасын түсіндіріңдер.

“Жаңа тәртіп”, “бейтараптық”, “цитадель”, “Атлант хартиясы”, “Ленд-лиз”, “Біріккен Ұлттар Ұйымы”.

7-тапсырма. Қырым және Потсдам конференцияларының шешімдері туралы кестені толтырыңдар.

№	Сұрақтар	Қырым конференциясы	Потсдам конференциясы
1	Уақыты		
2	Қатысқан мемлекеттер		
3	Басшылары		
4	Қаралған мәселелер		
5	Шешімдері		
6	Қорытынды		

8-тапсырма. Қырым конференциясында қаралған негізгі мәселелерді тезис түрінде жазындар.

9-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғыс пен Ұлы Отан соғысының негізгі кезеңдері туралы кестені толтырып, кестеден кейін берілген сұрақтарға жауап беріндер.

Екінші дүниежүзілік соғыс	Ұлы Отан соғысы

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың барысындағы түбегейлі бетбұрыс кезеңдерін еске түсіріңдер.
2. Антигитлерлік коалицияның құрылуының негізгі кезеңдерін атап, сипаттама беріндер.

10-тапсырма. Сұрақтарға пікір алыса отырып жауап беріндер.

1. Соғыстың бас кезіндегі КСРО-ның, Германияның, Батыстағы демократиялық мемлекеттердің жағдайлары қандай болды?
2. Соғыстың бас кезінде КСРО соғыс күштері сәтсіздіктерінің себебі неде болды?
3. Соғыс жылдарындағы қоғамдық қозғалыстар туралы не білесіңдер?
4. АҚШ-тың Нагасаки мен Хиросима қалаларына атом бомбасын тастауын Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы деп санауға бола ма?

11-тапсырма. Мына оқиғалардың жылдарын жазындар.

- Германияның Францияға басып кіруі —
- Ағылшын әскерлерінің Эль-Аламейн түбіндегі шайқасы —
- Мәскеудегі кеңес-ағылшын-француз келісімі —
- Кеңес-фин соғысы —
- Потсдам конференциясы —

- Соғыстың барысындағы түбегейлі бетбұрыстың аяқталуы —
- Екінші майданның ашылуы —
- Жапонияның Пёрл-Харборды бомбалауы —
- Германияның тізе бүгуі —
- АҚШ-тың Нагасаки мен Хиросимаға атом бомбасын тастауы —

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі аты әйгілі болған КСРО-ның әскери мамандары мен мемлекет қайраткерлерін атаңдар.
2. Екінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңындағы Германияның Сыртқы істер министрінің КСРО — Германия келісімшартын жасаудағы негізгі рөлі қандай болды?
3. Мюнхен келісіміне қол қойған Ұлыбритания премьер-министрінің ағылшын халқының алдында беделінің түсуіне не себеп болды? Жауаптарыңды дәлелдендер.
4. Румынияда құрылған фашистік диктатураның басшысы И. Антанескуге сипаттама беріңдер.
5. Ұлы Отан соғысының бас кезіндегі Батыс майдан қолбасшысының жүргізген басты соғыс операцияларын атап беріңдер.
6. Венгриядағы фашистік үкіметтің басшысы М. Хортиге сипаттама беріңдер.

13-тапсырма. Тарихи оқиғалардың болған уақыттарын атап, сипаттама беріңдер.

- а) Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі негізгі майдандар;
- ә) Одақтастардың Тегеран конференциясында қараған маңызды мәселелері қандай?
- б) Мәскеу түбіндегі қазақстандықтардың ерліктері туралы әңгімелендер.
- в) Сталинград майданының Қазақстанның жақын тылы болғандығына мысалдар келтіріңдер. Сталинград түбіндегі шайқаста қазақстандықтардың фашистерді талқандауда қосқан үлесі туралы әңгімелеп беріңдер.
- г) Германияның Балқандағы соғыстары. Грекияны алуының басты себебі қандай болды?
- д) Мюнхен келісімшартының салдары.
- е) Одақтастардың фашизмге қарсы күресте қосқан үлесі жөнінде айтыңдар.

14-тапсырма. Көрсетілген жылдардың тұсына оқиғаларын жазыңдар:

- 1 қыркүйек 1939 жыл ...
- 6 қараша 1940 жыл ...
- 22 маусым 1941 жыл ...
- 7 қыркүйек 1941 жыл ...
- 8 мамыр 1945 жыл ...
- 9 мамыр 1945 жыл ...
- 2 қыркүйек 1945 жыл ...

15-тапсырма. Төмендегі адамдардың әскери шеңдері мен лауазымдарын жазыңдар.

- | | |
|------------------------|------------------------|
| 1) В.В. Молотов — | 11) Б. Момышұлы — |
| 2) И.С. Конеv — | 12) Т. Бигелдинов — |
| 3) Р. Я. Малиновский — | 13) М. Ғабдуллин — |
| 4) Д. Эйзенхауэр — | 14) Л. Беда — |
| 5) Б. Л. Монтгомери — | 15) И. Павлов — |
| 6) А.М. Василевский — | 16) С. Луганский — |
| 7) Х. Гудериан — | 17) Ә. Молдағұлова — |
| 8) В. М. Риббентроп — | 18) М. Мәметова — |
| 9) И. Кейгель — | 19) С. Баймағанбетов — |
| 10) Ф. Паулос — | 20) Н. Әбдіров — |

IV тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

§ 16. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ӘЛЕМ

1-тапсырма. Мына мәліметтер нені білдіреді?

КСРО 1949 жылы атом бомбасын, 1954 жылы сутек бомбасын сынады. Англия 1952 жылы, Франция 1960 жылы, Қытай 1964 жылы атом бомбаларын сынады. 1974 жылы және 1998 жылы Үндістан, 1998 жылы Пәкстан ядролық бомбаларын сынады.

2-тапсырма. Дұрыс жауабын табыңдар.


Тест сұрақтары

1. Үндістан ұлт-азаттық қозғалысының басшысы:
 - а) А.Сукарно;
 - ә) Дж. Неру;
 - б) С. Бондаранаике;
 - в) Ш. Қуатли.
2. Варшава Шарты Ұйымы қай жылы құрылды?
 - а) 1955 ж.;
 - ә) 1956 ж.;
 - б) 1957 ж.;
 - в) 1958 ж.
3. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде Польшаның құрамына қандай жер кірді?
 - а) Кенигсберг;
 - ә) Данциг;
 - б) Потсдам;
 - в) Нюрнберг.

4. 1949 жылғы Конституция бойынша ГФР-де басқарудың қандай жүйесі енгізілді?
- Парламенттік республика;
 - президенттік республика;
 - парламенттік монархия;
 - абсолюттік монархия.
5. БҰҰ қай жылы құрылды?
- 1948 ж.;
 - 1945 ж.;
 - 1947 ж.;
 - 1946 ж.
6. КСРО мен Жапония арасындағы келіспеушіліктің себебі неде?
- Нагасаки мен Хиросимаға атом бомбасының тасталуы;
 - “Солтүстік жерлер мәселесі”;
 - Сахалиннің оңтүстігі үшін талас;
 - Кореядағы соғыс қимылдары.

3-тапсырма. Англия-Аргентина соғысына, Ливия-Чад, Марокко-Алжир қақтығыстарына, Оңтүстік Африка-Намибия оқиғаларына сипаттама беріңдер.

4-тапсырма. Дөңгелек ішіне елдердің атын жазыңдар.



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- КСРО-ның соғыстан кейін беделінің өскендігіне қандай мысалдар келтірер едіңдер?
- АҚШ соғыстан кейін экономикалық күш-қуатының артуын қандай мақсатқа бағыттады?
- Бретон-Вудс жүйесі дегеніміз не?
- “Коммунизмді ірку” доктринасының КСРО-ға қарсы бағытталғанын немен дәлелдеуге болады? Фактілер келтіріңдер.

6-тапсырма. Картамен жұмыс.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі отаршылдыққа қарсы күресте өз азаттықтарын алған Азия және Африка елдерін картадан тауып, дәптерлеріңе екі қатарға тізіп жазыңдар.

**§ 17. “ҚЫРҒИҚАБАҚ СОҒЫС”. НАТО ЖӘНЕ ВАРШАВА ШАРТЫ.
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЯСАТ ЦИКЛДЕРІ**

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. “Қырғиқабақ соғыс” дегеніміз не?
2. “Трумэн доктринасының” мән-мағынасын түсіндіріп беріңдер.
3. “Маршалл жоспары” дегеніміз не?
4. “Қырғиқабақ соғыстың” хронологиялық шеңбері дегеніміз не?

2-тапсырма. Тарихи диктант. Сөйлемдерді толықтырыңдар.

Солтүстік Атлантикалық Одақ (НАТО) құру туралы келісімге ... жылы ... сәуірде ... қол қойылды. ... Кейіннен оған ... , ... , ал 1955 жылы ... кірді. ... жылы Кеңес үкіметі сутек бомбасын сынақтан өткізді. АҚШ өнеркәсібінің кейбір салалары: ... 100 пайызға, — 95 пайызға, ... 60-пайызға әскерилендірілді.

3-тапсырма. КСРО-дағы жылымық кезеңіне сипаттама беріңдер.

4-тапсырма. Картамен жұмыс. “Африка жылы” тақырыбына байланысты азаттығын алған елдерді картадан көрсетіп атап беріңдер.

5-тапсырма. Жоғарыда берілген жоспардың үлгісіне сүйене отырып, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі “қырғиқабақ соғыстың” туындауы тақырыбына суреттеу жоспарын құрыңдар.

6-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Таяу Шығыстағы соғыс қимылдарының негізгі оқиғалары

Араб елдері	Израиль

7-тапсырма. Вьетнам соғысының негізгі оқиғалары туралы жазып беріңдер.

8-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңдар.

1980 жылы күзде Ирак жетекшісі ... Иранға шабуыл жасады. Сылтау ретінде ... өзенінің жағалауы түгел Иракқа қарауы керектігі айтылған. ... жылы ... пен ... Шатт әл -Араб өзенін тең пайдалану туралы шарт жасайды. 1991 жылы Ирак президенті араб елі ... басып алды.

АҚШ бастаған елдер Иракты ... жерінен қуып шықты. 1998 жылы АҚШ ... атты әскери операция ұйымдастырды.

9-тапсырма. Ғарышты игерудегі табыстары туралы кестені толтырыңдар.

КСРО	АҚШ	Жылдары

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ауған соғысын “қырғиқабақ соғыстың” соңғы шешуші оқиғасы деп қарауға бола ма?
2. Неліктен академик А.Сахаров КСРО-ның Ауғанстанға әскер кіргізуіне қарсы болды?
3. Ауған соғысындағы қазақстандықтардың шығыны туралы не білесіңдер?
4. Ауғанстанның қазіргі жағдайы туралы не білесіңдер? Пікірлеріңді айтып беріңдер.
5. АҚШ-тың Вьетнамдағы соғысының салдары қандай болды?
6. Трумэн доктринасы дегеніміз не?
7. Маршалл жоспарының негізгі мақсаты қандай?
8. Германияның бөлінуіне не себеп болды?
9. Корея соғысы қай жылы болды? Соғыс немен аяқталды?
10. “Қырғиқабақ соғыстың” сипаты қандай болды?
11. “Қырғиқабақ соғыстың” салдары туралы әңгімелендер.

11-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңдер.

Сөзжұмбақ сұрақтары:

1. 1947 жылы Арабия түбегінде тәуелсіздігін алған князьдік мемлекеттің бірі.
2. Солтүстік Африкадағы тәуелсіздігін алған мемлекет.
3. Кіші Азия түбегіндегі мемлекеттің көне астанасы.
4. Үндіқытай түбегіндегі мемлекет.
5. Египеттің президенті.
6. 1945 жылғы “Әділетті бағыт” саясатының авторы, АҚШ президенті.
7. Қытайдағы ірі орталықты қала.
8. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыс елдерінің құрған әскери-соғыс одағы.
9. Ел деген сөздің баламасы.
10. Орталық Америкадағы мемлекет.
11. Солтүстік Африкадағы Францияның ең үлкен отары болған мемлекет.
12. Венгрияның қуғынға ұшыраған мемлекет қайраткері.
13. Болгариядағы қуғын-сүргіннің құрбаны болған көрнекті партия және мемлекет қайраткері.
14. Үндіқытайдағы Францияның отары болған мемлекет.
15. Моңғолияның басшы партиясының қысқаша атауы.
16. Үндістанның батыс бөлігінің тәуелсіздік алғаннан кейінгі атауы.
17. Египеттің тұңғыш президенті.
18. Румынияның ұлттық батыры.
19. Таяу Шығыстағы өлі теңіздің атымен аталған мемлекет.
20. АҚШ-тағы атом қаруын сынақтан өткізген жер.

			17							16			15
				18					19				
												20	
												14	
				11				12			13		
			10			9			8				
	4			5				6					7
				3				2					1

12-тапсырма. Көрсетілген жылдарда болған оқиғаларды жазыңдар.

1947—1953 жж. ...

1953—1959 жж. ...

1960—1969 жж. ...

1963 ж. ...

1969—1979 жж. ...

1979—1985 жж. ...

13-тапсырма. Төменде берілген саяси қайраткерлер мен әскери адамдардың лауазымы мен әскери шендерін жазыңдар.

1) Г. Трумэн —

2) Н.С. Хрущев —

3) Индира Ганди —

4) Ф. Кастро —

5) А. Садат —

6) Д. Эйзенхауэр —

7) Хо Ши Мин —

8) Р. Пехлеви —

9) Г. Абдель Насер —

10) Р. Хомейни —


ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР

- БАПОР — Таяу Шығыс агенттігі, босқын палестиналықтарға көмек пен жұмыс ұйымдастыру (Вена, Амман).
- ВПС — Дүниежүзілік азық-түлік кеңесі (Рим).
- МПП — Әлемдік азық-түлік бағдарламасы (Рим).
- ПРООН — БҰҰ бағдарламасын қарау (Нью-Йорк).
- ЮНКТАД — Сауданы дамыту саласы. БҰҰ-ның бағдарламасы.
- ЮНДРО — Төтенше жағдайларға байланысты көмек көрсету (Женева).
- ЮНЕП — Қоршаған ортаны қорғау (Найроби).
- УООН — БҰҰ университеті (Токио).
- ЮНИТАР — БҰҰ-ның оқу және ғылыми-зерттеу институты (Нью-Йорк).
- УВКБ — БҰҰ жоғарғы басқармасының (Женева) комиссиясы (босқындар ісі туралы).
- ЮНЕСКО — БҰҰ-ның ғылым, мәдениет, білім саласындағы бірлестігі.
- ВОЗ — Халықаралық денсаулық сақтау ұйымы.
- МОТ — Халықаралық еңбекті қорғау ұйымы.
- ЮНИСЕФ — БҰҰ-ның балалар қоры (Нью-Йорк).
- ФАО — Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы.
- МВФ — Халықаралық валюта қоры.
- МБРР — Халықаралық қайта құру және даму банкі.
- Вагнер заңы — Еңбек қатынастары туралы акт.

V тауар. АҚШ ЖӘНЕ БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ (1945—2009 жж.)

§ 18. БАТЫСТЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ. ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ

1-тапсырма. Диаграмманы пайдалана отырып, Еуропа елдерінің диаграммада берілген жылдарына сәйкес экономикасының өсу дәрежесіне сипаттама беріңдер. Елдерді салыстырмалы түрде қараңдар.



2-тапсырма. Берілген кесте бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1945 ж.		1970—1980 жж.
АҚШ, Еуропада	5 млн	Жекеменшік 100 млн автокөлік шығарылды
Ұлыбританияда	—	11,5 мың автокөлік шығарылды
Францияда	—	Әрбір мың адамға шаққанда — 636 автокөлік, 769 теледидар, 844 тоназытқыш шығарылды

1. Экономиканың тез қарқынмен дамуына қарамастан, Еуропа елдерінде, АҚШ-та және Жапонияда 70-жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыс болды. Жоғарыда берілген кестені пайдаланып, себептерін айтыңдар.
2. Батыс елдерінде 1950—1960 жылдары жұмыс, еңбек жағдайы мен адамдардың өмір сүру деңгейі туралы қандай қорытынды жасауға болады?
3. 70-жылдардағы дағдарыстың ең басты ерекшелігі неде? Стагнация дегеніміз не?
4. 1974—1975 жылдардағы экономикалық дағдарыс басқа қандай дағдарысты туғызды? Оқулық пен қосымша деректерді пайдаланып, әңгімелеп беріңдер.

5. 1944 жылы құрылған АҚШ-тағы Бретон-Вуд жүйесінің мақсаты қандай болды? Жауаптарыңды дәлелдендер.


3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі сыртқы саясатына сипаттама беріңдер.
2. АҚШ-тың Нагасаки мен Хиросимаға атом бомбасын тастауының себептері неде? Пікірлеріңді дәлелдендер.
3. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі “оқшаулану” саясатының мәнін түсіндіріңдер.
4. “Уотергейт жанжалы” дегеніміз не? Мағынасын түсіндіріңдер.
5. “Рейганомика” саясатының мәнін түсіндіріп беріңдер.
6. “Қырғиқабақ соғыс” саясатын КСРО мен АҚШ-тың арасындағы бақталастық деп қарауға бола ма? Пікірлеріңді дәлелдендер.

4-тапсырма. АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі президенттерін басқарған жылдарымен жазыңдар. Өрбір президенттің жүргізген саясаттарына сипаттама беріңдер.

- | | |
|--------------------|------------------------|
| 1. Д. Эйзенхауэр — | 7. Р.Рейган — |
| 2. Г. Трумэн — | 8. Дж. Буш — |
| 3. Д. Картер — | 9. Б.Клинтон — |
| 4. Дж. Кеннеди — | 10. Дж. Буш (кішісі) — |
| 5. Р. Никсон — | 11. Дж. Форд — |
| 6. Л. Джонсон — | |

5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.



6-тапсырма. “Жаднаманың” 3, 4, 5, 6-сұрақтары бойынша Д.Эйзенхауэрге сипаттама беріңдер.

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Маастрих келісімінің нәтижесінде болған өзгерістерді атап, маңызын түсіндіріңдер.
2. Консерваторлық толқын қозғалысының экономикалық саладағы саясатының мәнін сипаттаңдар.

8-тапсырма. Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. “Қайырымды мемлекет” дегеніміз не? Анықтамасы, сипаты.
2. Тоталитарлық мемлекет дегеніміз не? Анықтамасы, сипаты.

3. “Қайырымды мемлекет” — тоталитарлық мемлекеттің баламасы” деген тіркесті қалай түсінесіңдер? Жауаптарыңды дәлелдеп, мысалдар келтіріңдер.

9-тапсырма. Шетке шикізат шығаратын Латын Америкасындағы негізгі мемлекеттердің үш типін атап, кестені толтырыңдар. Карта және оқулықты пайдаланып, аталған елдер туралы әңгімелеп беріңдер.

Елдер	Маманданған салалары	Шығарылатын шикізаттың түрлері
Аргентина		
Кариб алабының мемлекеттері		
Уругвай		
Колумбия		
Эквадор		
Бразилия		
Мексика		
Венесуэла		
Перу		
Боливия		
Чили		

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Фашистік державаларға қарсы соғыс жариялаған Латын Америкасындағы елдерді атаңдар (1945 ж. ақпан-наурыз).
2. КСРО-мен дипломатиялық қатынас орнатқан қандай Латын Америкасы мемлекеттерін білесіңдер?
3. Қариб алабындағы елдерді атаңдар.
4. Латын Америкасы елдерінің 1950—1970 жылдардағы дамуына сипаттама беріңдер.

11-тапсырма. Жаңғырту саясаты дегеніміз не?

12-тапсырма. Мына сөздердің мағынасын таратып айтыңдар: Меркосур, ОААСН “Халық бірлігі”, “Даму жолындағы одақ”, “Чили тәжірибесі”.

§ 19. ҰЛЫБРИТАНИЯ. ФРАНЦИЯ

1-тапсырма. Викториналық ойын. Қосымша деректерді пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

Кім?

1. Соғыстан кейін Ұлыбританияда басым дауысқа ие болған лейбористік партияның өкілі.
2. 77 жасында қайтадан премьер-министр болған адам.
3. XX ғасырда үкімет басында ұзақ жылдар болуымен ерекшеленген тұңғыш әйел.
4. М. Тэтчерден кейін премьер-министр болған консерваторлар партиясының лидері.

Қашан?

1. Ұлыбританияда соғыстан кейінгі сайлау қашан өткізілді?
2. Ұлыбритания Солтүстік Атлантикалық әскери-соғыс одағына қашан кірді?
3. Ольстер мәселесі қашан шиеленісті?
4. Лейбористерден кейін консерваторлар үкімет басына қашан келді?

Қай жерде?

1. АҚШ-тан кейінгі әскери шығындардан екінші орында болған Ұлыбритания әскери гарнизондарын қай жерде ұстауға мәжбүр болды?
2. 1970 жылдың басында Британ империясының отарлық иеліктері қай жерде сақталып қалды?
3. Ұлыбритания мен Аргентина арасындағы жанжал қай жерде болды?
4. М. Тэтчер қай жерде оқу орнын бітірді?

2-тапсырма. Қосымша деректер мен оқулық материалын пайдаланып, “Темір ханым” деген тақырыпта хабарлама даярландар.

3-тапсырма. Лейбористер мен консерваторлар саясатының сипаты туралы салыстырмалы кесте құрындар.

	Лейбористер	Консерваторлар
1. Әскери салада		
2. Экономикалық салада		
3. Әлеуметтік салада		

4-тапсырма. 1960—1980 жылдарда Ұлыбритания мен Аргентина арасында қарулы қақтығыс болған аралды картадан тауып, жазындар (Дүниежүзінің тарихи картасы бойынша), шайқас туралы ресми мәліметтер іздестіріңдер.

5-тапсырма. Ұлыбританиядағы М. Тэтчер үкіметі кезіндегі ереуілдер, олардың сипаты, ереуілшілердің талаптары туралы айтындар. Картадан ереуіл болған қалаларды көрсетіндер. М. Тэтчердің ереуілшілер талаптарына қарсы көзқарасының сипатын анықтап, қандай партияның дәстүрлік саясатын жалғастырғандығын, себептерін анықтандар. Оқулықтың материалын пайдаланып, мысалдар келтіріңдер.

6-тапсырма. Ұлыбританияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі сыртқы саясатының ерекшеліктері туралы жоспар құрып, басты оқиғаларын айтып беріңдер.

7-тапсырма. Ш. де Голль мен М. Тэтчер үкіметтерінің ортақ белгілері туралы кесте құрындар.

Ш. де Голль үкіметі	М. Тэтчер үкіметі

8-тапсырма. Ұғымдармен жұмыс.

I. Мына ұғымдардың мағынасын түсіндіріңдер.

- 1) “қайырымды мемлекет”;
- 2) “консервативтік толқын”;
- 3) “екпінді 60-жылдар”;
- 4) “ағылшын ауруы”.

II. Төменде берілген теңеудің мәнін түсіндіріңдер.

Тарихи қайраткерлерге байланысты: “темір ханым”, “голлизм”.

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Франциядағы Төртінші Республика мен Бесінші Республиканың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстырып айтындар.
2. Франциядағы қарсыласу қозғалысының басшысы болған генерал Ш. де Голльге баға беріңдер.
3. Не себепті Францияның президенті Ш. де Голль Ұлыбританияның “Ортақ нарыққа” кіруіне вето (тыйым) қойды?

Қосымша деректер

Маргарет Робертс (күйеуі Тэтчер) орташа дәулетті отбасында дүниеге келген.

Маргарет Тэтчердің саяси көзқарасының қалыптасуына әкесінің қатал мінезі мен пуритандық тәрбиенің әсері болды. Әкесінің саясатқа жақын болуы Маргаретті де қызықтырды. Тори партиясына мүше

болудың әйел адам үшін қиын болғандығына қарамастан Маргарет Тэтчер көп ұзамай саясатқа кірісіп-ақ кетті.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. К. Қожахметұлы, Ә. Шүпеков, М. Ғұбайдуллина, М. Дөкенов. Дүниежүзі тарихы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. 10-сынып оқулығы. Алматы: Мектеп, 2010 жыл.
2. А.М.Родригес. “XX ғасырдағы шетелдердің қазіргі заман тарихы” 10—11-сыныптар. М., Владос, 2001 жыл.

§ 20. ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ. ИТАЛИЯ

1-тапсырма. Германия мен Италияның экономикалық жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы кестені толтырындар.

	Германия	Италия
Ұқсастықтары		
Айырмашылықтары		

2-тапсырма. ГФР мен Италияның соғыстан кейінгі жағдайы туралы мына жоспарды пайдаланып, әңгімелеп беріңдер.

1. Соғыстың шығыны.
2. Соғыстан кейінгі мемлекеттік құрылысы.
3. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы.
4. Сыртқы саясаты.

3-тапсырма. Германия Федеративтік Республикасының (ГФР) Веймар Республикасынан айырмашылығы туралы әңгімелеп беріңдер.

4-тапсырма. Германияның Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайы туралы төменде берілген жоспар бойынша әңгімелеп беріңдер.

Жай жоспар	Суреттеу жоспары
1. 1945 ж. Үлкен үштіктің өкілдері қатысқан Берлин конференциясы	1. Берлин соғыстан кейін күл-көмірге оранып, қирап жатты
2. Конференцияға қатысқан одақтастардың басты мақсаты	2. Германия 1938 ж. салыстырғанда аумағының 1/4 бөлігінен айырылды
3. Халықаралық трибуналдың шешімдері	3. Нюрнберг процесінде басты-басты соғыс қылмыскерлері дарға асу жазасына кесілді, бірақ кейбір қылмыскерлер жазадан құтылып кетті
4. Германияның болашағы туралы конференциядағы көзқарастар	4. Конференцияның барысында күтпеген жағдайлар болды
5. Репарация мен репатриация мәселесін шешу	5. Германиядан бөлінген аумақтан 9 млн адам жаппай қуылды. КСРО репарация алуда өзінің көзқарасын білдірді.

5-тапсырма. ГФР мен Италияның соғыстан кейінгі құрылған саяси партияларының рөліне баға беріңдер. Кестені толтырыңдар.

ГФР-дің саяси партияларының рөлі	Италияның саяси партияларының рөлі

6-тапсырма. Германияның канцлері К.Аденауэр мен Италияның премьер-министрі А. Гасперидің сыртқы саясаттары мен мақсаттары туралы айтыңдар.

7-тапсырма. Екі көшбасшының өз елінің тарихында алатын орны туралы қысқаша тезис түріндегі жоспар құрыңдар.

8-тапсырма. Германия Федеративтік Республикасының құрамына кірген жерлерді картадан көрсетіңдер. Оқулық материалын пайдаланып, түсіндіріп беріңдер.

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Германия Федеративтік Республикасының жоғарғы органы қалай аталады?
2. Бундестагқа кірген жерлерді атаңдар.

10-тапсырма. Логикалық сұрақтар.

1. Берлин қамалының құлауын “қырғиқабақ соғыстың” аяқталуы деп қарауға бола ма? Жауаптарыңды дәлелдендер.

11-тапсырма. “Италия кереметі” — Италия экономикасының гүлденуі деп мойындалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Италия экономикасының дамуына әсер еткен жағдайларды атап беріңдер.

VI тарау. СОЦИАЛИСТІК ДАМУ ЖОЛЫНДА ТҮРҒАН ЕЛДЕР (1945—2009 жж.)

§ 21. КЕҢЕС ОДАҒЫ

1-тапсырма. Кестені толтырып, қорытынды жасаңдар.

КСРО-ның соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Жағымды жақтары	Келеңсіз жақтары

2-тапсырма. Жаднамаңың 4, 6-сұрақтары бойынша Н.С.Хрущевке сипаттама беріңдер.

3-тапсырма. Тоталитарлық жүйе ұғымына берілген сипаттамаға қарай отырып, “Мемлекет — қоғам өмірінің барлық саласында толық бақылауды жүзеге асыратын саяси жүйені сипаттайды” деген мәселеге мысалдар келтіріңдер.

4-тапсырма. Сипаттамаға қарап, мына адамдардың кім екенін анықтандар.

а) Ол жұмысшы металлургтің отбасында дүниеге келген. Днепродзержинск қаласындағы металлургиялық институтты бітірген. Соғыстан кейінгі кезеңде Запорожьенің, Молдавияның, Қазақстанның партия ұйымдарын басқарған. Кеңес Одағындағы экономиканың тоқырау жүйесі осы адамның есімімен қатар аталады.

б) Ол КӨКП ОК-нің Бірінші хатшысы болған. Оның ісінің ағы мен қарасына бірдей деп баға берілген. I Петрден кейін Еуропа терезесі мен есігін ашқан адам ретінде танылған. Жоғары оқу орындарында оқу ақысын жоюға, ең төмен кепілдендірілген еңбекақыны енгізуге, жұмыс аптасын қысқартуға, халықтың тұрмыс-тіршілігін дамытуға ықпал еткен.

5-тапсырма. Өздеріңді тексеріңдер.

Тест сұрақтары

- 1982—1984 жылдары КСРО-да үкімет басында кім отырды?
 - Ю.В. Андропов;
 - К.У. Черненко;
 - М.С. Горбачев;
 - Б.Н. Ельцин;
 - В.В. Путин.
- Қайта құру тұжырымдамасы қай жылы ұсынылды?
 - 1985 ж.;
 - 1986 ж.;
 - 1987 ж.;
 - 1988 ж.;
 - 1989 ж.
- КСРО Конституциясынан КӨКП-ның жетекшілік рөлі туралы қандай бап алынып тасталды?
 - 20-бап;
 - 6-бап;
 - 10-бап;
 - 15-бап;
 - 1-бап.

4. Ауған мәселесін реттеу жөніндегі Женева келісімі қашан болды?

- а) 1988 ж. 14 сәуірде;
- ә) 1986 ж. 15 қаңтарда;
- б) 1986 ж. 17 желтоқсанда;
- в) 1987 ж. 10 қаңтарда;
- г) 1988 ж. 1 маусымда.

5. Шығыс Еуропа елдерінің ішкі саяси өміріндегі өзгерістер қай жылдары болды?

- а) 1986—1989 жж.;
- ә) 1989—1991 жж.;
- б) 1985—1988 жж.;
- в) 1986—1991 жж.;
- г) 1978—1992 жж.

6-тапсырма. Төмендегі сөздер мен ұғымдардың мағыналарын түсіндіріп беріңдер.

- | | |
|----------------------------------|---------------------------|
| 1) “тоталитаризм”; | 6) “қайта құру”; |
| 2) өндірістің “Б” тобы; | 7) нүкте қойылды; |
| 3) ресми идеология; | 8) мемлекеттік егемендік; |
| 4) социализмнің консерваторлығы; | 9) көппартиялық жүйе; |
| 5) “жеделдету”; | 10) тәуелсіздік; |
| | 11) экономикалық тоқырау. |

7-тапсырма. Қоғамдық-диссиденттік қозғалыстың өкілдерін атап, бір-екеуінің қызметіне баға беріңдер.

8-тапсырма. Кеңес әскерін Ауғанстанға кіргізу “қырғиқабақ соғыстың” өршуіне алып келді деген тұжырымға қалай қарайсыңдар? Жауаптарыңды дәлелдендер.

9-тапсырма. Логикалық сұрақтар.

1) 80-жылдарда кеңестік қоғамда не себепті көптеген өзгерістер болды? Тоқырау мен құлдырауды не себепті тоқтату мүмкін болмады?

2) М. С. Горбачевтің “қайта құру” идеясы Кеңес үкіметінің құлдырауын тереңдете түсті деуге бола ма?

Қосымша мәліметтерді пайдалана отырып жауап беріңдер.


§ 22. СОЦИАЛИСТІК ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ЕУРОПА ЖӘНЕ АЗИЯ ЕЛДЕРІ

1-тапсырма. Диаграмма бойынша мына сұрақтарға жауап беріңдер.


Диаграмма

1. 1985—1991 жылдары Болгария, Чехословакия, ГДР, Венгрия, Польша, КСРО экономикасының даму дәрежесіне реформалардың кері әсер еткендігін дәлелдендер.

2. Польша экономикасының құлдырауының себептері қандай? Дәлелдер келтіріңдер.
3. 1989 жылы ГДР экономикасының дамуына не себеп болды? Бұл ГДР-дегі қандай өзгерістерге байланысты еді?



2-тапсырма. Саяси басқару жүйесінде болған өзгерістерді сызық түрінде жазылған дөңгелектердің ішін толтырыңдар.



3-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған социалистік мемлекеттерді картадан көрсетің, кестені толтырыңдар.

Еуропада	Азияда	Латын Америкасында


2. Өзара көмек кеңесіне соңынан кірген елдерді атап, картадан көрсетіңдер.
3. Берлин конференциясы бойынша бөлінген аумақтарды атап, картадан көрсетіңдер.
4. Париж бітім конференциясынан кейін дүниежүзі қалай бөлінді? Картадан көрсетіңдер.

4-тапсырма. Проблемалық сұрақ. Оқулық пен хрестоматия материалдарын пайдаланып сұраққа жауап беріңдер.

1. Неліктен ұлттық, этникалық қайшылықтар Чехословакияда бейбіт жолмен, ал Югославияда революциялық қозғалыстар арқылы шешілді? Себептерін түсіндіріңдер.

5-тапсырма. Ребусты шешіңдер.

Ребус шешімінде Шығыс Еуропадағы тарихи оқиғаның атауы шығады.



6-тапсырма. Шығыс Еуропадағы социализмнің тарихи дамуының кезеңдеріне сипаттама беріңдер.

- | |
|--|
| Социализмнің негізін қалау кезеңі
(1948—1950 жылдардың аралығы) |
| Социализмнің сталиндік үлгісінің дағдарысы, (1950 жылдардың ортасынан 1960 жылдардың соңына дейін) |
| Тоқырау кезеңі
(1970—1980 жылдар) |
| Қайта құру кезеңі (1980 жылдардың ортасынан соңына дейін) |
| Социалистік құрылыстың аяқталуы (1989—1991 жылдар) |

7-тапсырма. Тарихи диктант. Сұрақтардың жауаптары әріптермен белгіленеді.

А — ГДР

Ә — Венгрия

Б — Чехословакия

В — Польша

Г — Солтүстік Корея

Д — Қытай

Ж — Румыния

З — Албания

И — Моңғолия

К — Болгария

1. Имре Надь басқарған жаңа үкімет құрылды.
2. 1968—1969 жылдары терең дағдарысты басынан кешірген ел.
3. В. Гомулка қай елдің тарихымен тығыз байланысты.
4. “Ынтымақтастық” атты тәуелсіз кәсіподақ құрылды.
5. “Чаушеску дәуірі” қай елдің тарихына байланысты айтылған?
6. Қандай елдерде көсемдердің артықшылық жағдайлары байқалды?
7. “Социализмді жаңалау” қозғалысына ие болған мемлекеттер.
8. 1993 жылдың 1 қаңтарында егемендігі жарияланған ел.
9. 1946—1949 жылдары азамат соғыс шарпыған ел.
10. Марксизм-ленинизм сөздері алынып тасталып, жаңа бағдарлама қабылданған ел.
11. Тяньаньмин алаңы қай елде, қай қалада орналасқан?
12. М.Энхбал қай елдің көшбасшысы?
13. “Мәдени революция” қай елдің тарихи дамуына орасан зор із қалдырды?
14. “Құтқару ұлттың майданы” құрылған ел.
15. 1991 жылы бірнеше мемлекеттерге ыдырап кеткен ел.
16. “Прага көктемі” қай елдің тарихына байланысты айтылады?
17. 1956 жылы күрделі дағдарысты басынан кешірген мемлекеттер.
18. Орталықсыздандыру бағытын қандай ел экономиканы басқару саласында пайдаланды?
19. Чехословакияға әскер кіргізген Шығыс Еуропадағы төрт ел.
20. Лех Валенса қай елдің басшысы?
21. Словакия қандай елдің құрамында болды?
22. Әнвер Ходжа қай елде өктемшілдік билік жүргізді?
23. 1989 жылы маусым айында коммунистік партияның билігі жойылған ел.
24. “Темір перденің” күйреуі қай елдің тарихына байланысты айтылады?
25. “Халық коммуналары” қай елде құрылды?
26. “Қырғиқабақ соғыстың” қарсаңында социалистік құрылысқа кіріп, әлі күнге дейін келе жатқан Азиядағы ел.

27. Ким Ир Сен қай елдің басшысы?
 28. Э. Хоннекер қай елде басшылық етті?
 29. Желю Желев қай елде саясаткер болды?
 30. 1989 жылы 9 қарашада қай елде, қай қалада тарихи оқиға болды?

VII тарау. АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ (1945—2009 жж.)

§ 23. ЖАПОНИЯ. СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК КОРЕЯ

1-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония мен Германия экономикасының даму ерекшеліктері туралы кестені толтырыңдар.


	Жапония	Германия
Экономикасының өрлеу кезеңдері		
Өзіндік ерекшеліктері		

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. “Қырғиқабақ соғыс” Жапонияның сыртқы саясатына қалай әсер етті?
2. 1947 жылы Жапония Конституциясының 9-бабының мәні туралы оқулық мәтінінен тауып, түсіндіріңдер.
3. Шетке тауарлар шығаруда Жапонияның АҚШ-тан айырмашылығы қандай болды? Пікірлеріңді айтыңдар.
4. Танака кабинетінің қызметі туралы не білесіңдер?

3-тапсырма. Диаграмманы талдаңдар.

Жұмыссыздықтың өсуінің өзгеруі



Берілген диаграммадағы мәліметтерді салыстыра отырып, Жапония экономикасының даму көрсеткіші жоғары болуына қарамастан жұмыссыздықтың өсу себептерін қосымша деректер мен оқулық мәтінін пайдалана отырып түсіндіріңдер.

4-тапсырма. Логикалық сұрақтар.

1. Жапондықтар табысының құпиясы туралы не білесіңдер? Жауаптарыңды дәлелдендер.
2. Жапонияның Батыс елдерінің алдында беделінің өсуінің себебі неге байланысты болды? Дәлелдер келтіріңдер.
3. Ресей мен Жапония арасындағы аумақтық жағынан болған келіспеушіліктің шешілуі мүмкін бе? Өз ой-пікірлеріңді ортаға салыңдар.
4. Жапония 1956 жылы кеңес-жапон мәлімдемесі бойынша талап еткен Куриль аралдарындағы жерлердің атауларын жазып, картадан көрсетіңдер.
5. Жапония — ҚХР — КСРО — АҚШ-тың 1950—1980 жылдардағы сыртқы саясатының бағыттары туралы айтып беріңдер.

5-тапсырма. Қазақстан мен Жапония арасындағы сауда және экономикалық қатынастардың болашағы туралы шығарма жазыңдар.

6-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. “Солтүстіктегі жерлер” мәселесі дегеніміз не? Бүгінгі таңда бұл мәселе туралы Жапония мен Ресей арасында қандай келісім-шарттар қаралуда? Нәтижесі қандай?

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- а) “Чучхе” идеясы дегеніміз не?
- ә) КХДР-дің басқару жүйесіндегі саяси мән туралы не білесіңдер?
- б) АҚШ пен КХДР арасындағы қарым-қатынастар туралы пікірлеріңді ортаға салыңдар.

8-тапсырма. Қосымша деректермен жұмыс.

- а) Қазақстан Республикасы мен Оңтүстік Корея арасындағы экономикалық саясаттағы негізгі бағыттары туралы не айтасыңдар?
- ә) Оңтүстік Кореяның 40—60-жылдардағы экономикасының даму ерекшеліктері неде болды?

§ 24. ОТАРШЫЛДЫҚТЫҢ КҮЙРЕУІ

1-тапсырма. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өз тәуелсіздігін алған мемлекеттер туралы кестені толтырыңдар.

1945—1960 жылдар

Азиядағы өз тәуелсіздігін алған мемлекеттер	Африкадағы өз тәуелсіздігін алған мемлекеттер

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тәуелсіздігін алған мемлекеттердің алдында қандай қиындықтар тұрды? Себептерін түсіндіріңдер.
2. Африкадағы ұлт-азаттық революциялар сипаты жағынан қандай болды?
3. “Үшінші әлем” елдері деген сөздің мағынасы қандай?

3-тапсырма. Төмендегі мәліметтерді пайдалана отырып, мына сұрақтарға жауап беріңдер: Демографиялық жарылыс дегеніміз не? Ол қандай мәселелердің тууына алып келеді?

1950—1989 жылдар аралығында Азиядағы тұрғындар саны 1,3 млрд-тан 3 млрд-қа дейін өсті, Африкада 224 млн адамнан 626 млн адамға дейін көбейді.

4-тапсырма. Тарихи даталармен жұмыс. Төменде көрсетілген елдердің тәуелсіздік алған жылын оқулық пен картаны қолдана отырып анықтаңдар.

- | | |
|---------------|----------------------|
| 1) Иран — | 8) Эфиопия — |
| 2) Түркия — | 9) Ангола — |
| 3) Қытай — | 10) Мозамбик — |
| 4) Моңғолия — | 11) Мадагаскар — |
| 5) Сирия — | 12) Камбоджа — |
| 6) Ливан — | 13) Ауғанстан — |
| 7) Лаос — | 14) Оңтүстік Йемен — |

5-тапсырма. Төмендегі мәліметтерді пайдаланып, Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінің экономикасының дамуына сипаттама беріңдер.

Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде пайдалы кен қазбаларының 2/3-сі шоғырланған. Африкада алмаздың — 98%-ы, кобальттың — 80%-ы, платинаның — 70%-ы, алтынның — 65%-ы, хром кенінің — 55%-ы, мыстың — 22%-ы өндіріледі. Ал Латын Америкасындағы Боливияда — боксит, Мексикада — алтын, күміс, Азиядағы Индонезия мен Үндістанда — боксит шығарылады.

6-тапсырма. Оқулық пен картаны қолдана отырып, 50-жылдары КСРО-ның Азия мен Африка елдеріне жасаған көмегінің маңызы туралы әңгімелеп беріңдер.

7-тапсырма. Логикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1. КСРО мен Еуропадағы “тоқырау” кезеңінің Азия, Африка және Латын Америкасы елдеріне әсері болды ма? Жауаптарыңды дәлелдендер.

- XX ғасырдың 70—90-жылдарында “үшінші әлем” елдері бірыңғай әдіс жолдарын тапты. Бұл қандай жолдар еді? Осы әдіс жолдарының қиыншылықтарының салдары туралы пікірлеріңді ортаға салыңдар. Қосымша деректерді пайдаланып, мысалдар келтіріңдер.
- Жаңа индустриялы елдер тобына кірген мемлекеттерді атап, жекелеген бір-екі елдің дамуына сипаттама беріңдер.
- Мұнайды экспорттау елдері ұйымы — ОПЕК-тің қызметі мен міндеттері туралы айтып беріңдер. Қазақстан Республикасының бұл ұйымға қатысы бар ма?

8-тапсырма. Картамен жұмыс.

- ОПЕК ұйымына кірген мемлекеттерді картадан көрсетіңдер.
- Темірді экспорттау ұйымы елдерін картадан көрсетіп, әңгімелеп беріңдер.
- “Африка жылы” ұғымының мағынасын түсіндіріп, картадан тәуелсіздігін алған мемлекеттерді көрсетіңдер.
- 1960—1980 жылдардағы Тынық мұхит аймағында тәуелсіздігін алған елдерді атап, картадан көрсетіңдер.

Ойлан, тап!

Белгісіз елдер

- Картада қандай елдер бейнеленген? Бұл елдердегі ерекше оқиғалар туралы естеріңе түсіріп, 1980 жылдардың басындағы басшылары туралы әңгімелеп беріңдер.




§ 25. АЗИЯ ЕЛДЕРІ

1-тапсырма. Тарихи диктант. Мемлекеттердің құрылуы және соғыстар туралы тарихи даталарды, керекті сөздерді тауып жазыңдар.

1. Үндістан ... жылы тәуелсіздігін жариялады.
2. ... Үндістанның тұңғыш премьер-министрі болды.
3. Дж. Нерудің қызы Индира Ганди ... және ... жылдары үкімет басына келді.
4. ... жылы Үндістан үкіметінің кезектен тыс парламент сайлауы өткізілді.
5. “Қыл тигізбейтіндер” кастасынан ... болып сайланды.
6. Үндістан ... жылы жер астында ядролық сынақ өткізді.
7. 1962 жылғы Үндістанның ... шекара жанжалы, 1965 жылы ... жанжалына әкелді.
8. 1947 жылы 14 тамызда Пәкстанды ... мемлекет деп жариялады.
9. ... жылы Пәкстан Бағдад пактісінің мүшелігіне қосылды.
10. 1962 жылы екінші Конституция бойынша Пәкстан ... болып жарияланды.
11. ... жылы Бангладеш Республикасы ... бөлігінде құрылды.
12. 1972 жылы Пәкстан ... блогынан шығатындығын мәлімдеді.
13. ... жылы Пәкстан халық партиясы үкімет басына келді.
14. 1990—1993 жылдары Пәкстан Республикасының премьер-министрі ... болды.
15. ... жылы Пәкстанда әскери төңкеріс болды.
16. ... жылы қазанда әскери төңкеріс болды. Шариф тұтқындалды.
17. Бангладеш Халық Республикасында ... елді басқаруда.
18. Бангладештің үкімет басында ... отыр.
19. ... жылдары Бангладешті ұлттық партия басқарды.

2-тапсырма. Дөңгелектердің тұсына Парсы шығанағында орналасқан мемлекеттердің атын жазыңдар.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сингапур сөзінің мағынасын түсіндіріңдер. Не себепті ол “арыстандар қаласы” деп аталады?



2. Таиландтың Елтаңбасы мен мемлекеттік Туы бұл ел тарихының қандай ерекшелігін көрсетеді?



3. Суретке қарап, қай елдің мемлекеттік Туы екендігін анықтаңдар. Тудағы суреттің мәнін түсіндіріңдер.






4. Мына суретте қай мемлекеттің Елтаңбасы бейнеленген? Ол ел туралы не білесіңдер?

4-тапсырма. Оқулық пен қосымша деректерді пайдалана отырып, Мао Цзэдун, Хо Ши Мин, Чан Кайши туралы әңгімелеп беріңдер.

5-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңдер.

Сөзжұмбақ сұрақтары

1. Үндістандағы ең үлкен өзен.
2. Үндіқытай түбегіндегі мемлекет.
3. Үндістанның тұңғыш әйел премьер-министрі.
4. Қытайдағы халқы ең көп қала.
5. Сиамның екінші атауы.
6. Жапонияның дамуымен келе жатқан орта индустриялы елдердің аты.
7. Шығыс Бенгалия жерінде құрылған мемлекет.
8. Мао Цзэдун басқарған бүлікшілер тобының қытайша аты.
9. 1989 жылы Пекинде студенттер шеруі болған алаңның аты.
10. “Қызыл сақшылардың” Қытайдағы мәдени революция кезеңіндегі қытайша атауы.




6-тапсырма. Тарихи диктант. Сұрақтардың жауаптарын әріптермен белгілеу қажет: А — Вьетнам; Б — Индонезия; В — Сингапур; Г — Оңтүстік Корея; Д — Таиланд; Ж — Кампучия; З — Лаос; И — Қытай.

1. Дьенбьенфу түбіндегі шайқас болған ел.
2. Женева келіссөзінде тәуелсіздігін алған ел.
3. Шаруалар мүддесіне сәйкес реформа іске асырылып, помещиктер тап ретінде жойылды. Мәлімет қай елдің тарихынан алынған?

4. 1979 жылы 26 сәуірде жалпы сайлау өткізілген ел.
5. Мао Цзэдун есімі қай елдің тарихына байланысты?
6. Ле Зуан қандай ел үшін қызмет етті?
7. Жаңа индустриалды елдер.
8. “Социалистік бағдар” елдері.
9. Шетел капиталын енгізіп, “ашық есік” саясатын ұстанған ел.
10. Ахмед Сукарно есімі қандай елдің тарихына байланысты?
11. 3,5 млн мүшесі бар коммунистік партиясы болған ел.
12. Жаңа төртіп “Насаком-а” принципін ұстанған ел.
13. Конфуций дәстүрін қолдайтын елдер.
14. “Арыстандар қаласы” орналасқан ел.
15. Ағылшын, малай, қытай, тамиль тілдері негізгі тіл болып есептелетін ел.
16. Бали аралы қай жерде орналасқан?
17. Вице-президент Мегавати Сукарнопутри қай елде қызмет атқарды?
18. 1967 жылы АСЕАН құрылғанда құрамына кірген елдер.
19. Премьер-министр Во Ван Кист қай елдің басшысы?
20. Халқының саны 1 млрд 280 млн-ға жеткен ел.
21. Шанхайда 26 млн адам тұрады. Мәлімет қандай елдің тарихынан алынған?
22. Хо Ши Мин қай елдің қайраткері?
23. “Үлкен секіріс” ұғымы қандай елдің тарихына байланысты қолданылады?
24. “Хунвэйбиндер” мен “Цзаофандар” қай елдің тарихына байланысты?
25. Пушъ Линь Бяо дегеніміз кім? Қай елде өмір сүрді?
26. “Айдаһар” мемлекеттер.
27. “Жолбарыс” елі.
28. Кіші жолбарыстарға қандай мемлекеттер жатады?
29. Конфуций аймағы деп аталатын ел.
30. Мұсылмандар көбірек тұратын ел.
31. 1987 жылы өнеркәсіп өнімін шығарудан 10-орынға шыққан ел.
32. Цзян-Цзин қай елде орналасқан?
33. Қай елдің аумағынан Вьетнам әскерлері шығарылды?
34. Қандай елдерде азамат соғыстары 60-жылдары басталды?
35. Пиконг қай елде орналасқан?
36. Вьентьян қай елдің астанасы?
37. Полпот қай елде орналасқан?

- А —
- Б —
- В —
- Г —
- Д —
- Ж —
- З —
- И —

7-тапсырма. 1992 жылы өршіген жанжалдардың ерекше белгілерін дөңгелектердің тұсына жазыңдар.



8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Иран мемлекетінің заң шығарушы органы қалай аталады? Иранның премьер-министрі Мохаммед Мосадиктің мәжілістің депутаттар тобынан қолдау таппау себебінің мәні неде болды? Жауаптарыңды дәлелдендер.
2. “Ақ революция” дегеніміз не? Оның қандай кемшіліктері болды? Реза Пехлевидің реформаларының басты бағыттарын белгілеп, маңызын түсіндіріңдер.
3. 1978, 1979, 1988, 1989 жылдары болған Ауғанстан мен КСРО-ға қатысты оқиғаларды сипаттаңдар. Қазақстандықтардың Ауған соғысындағы шығындары қандай болды?
4. Түркияда 1954 және 1987 жылдарда қандай заңдар шығарылды? Нәтижелері қандай болды?
5. 1950, 1952, 1955 жылдардың Түркия үшін қандай әсері болды? Оқулықтан тауып, түсінік беріңдер.
6. Тұрғыт Озалдың (1983—1987; 1987—1989; 1989—1993 жж.) қандай қызметтер атқарғандығын, нәтижелерін атап беріңдер.
7. “Тұрғыт Озал үлгісі”, “түрік үлгісі”, “ашық экономика үлгісі” ұғымының мағынасын түсіндіріңдер.
8. Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттері арасындағы достық және экономикалық (экономика, оқу-ағарту және құрылыс саласындағы) қатынастар туралы әңгімелеңдер.

9-тапсырма. Сызба ішіндегі тарихи оқиғалар мен қайраткерлердің сол оқиғаларға қатысты көзқарастары немесе қатынасын білдіретін жайттарды сөйкестендіріп, қай мемлекетке тиесілі екендігін анықтаңдар.



§ 26. АРАБ ЕЛДЕРІ ЖӘНЕ АФРИКА

1-тапсырма. Елдердің қатарына басшыларын сәйкестендіріп жазыңдар.

1. Индонезия — С. Туре.
2. Үндістан — А. Сукарно.
3. Египет — К. Нкрума.
4. Шри-Ланка — Г. Насыр.
5. Сирия — Дж. Неру.
6. Гвинея — Ш. Куатли.
7. Танзания — С. Бандаранаике.
8. Гана — Дж. Ньерере.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Африка құрлығының 15%-ын не алып жатыр?
2. 1950—1982 жылдары Африканың сыртқы қарызы 6 млрд доллардан 32 млрд долларға жетті. Қарызданудың басты себебі неде болды?
3. Африка халқы дүниежүзі халықтарының 10%-ын құрайды, ал өндіріс өнімінің 1%-ын ғана өндіреді. Осы мәліметті пайдаланып, себеп-салдарын түсіндіріңдер.
4. Африкада 1990 жылы өз тәуелсіздігін алған ең соңғы мемлекет туралы әңгімелеп беріңдер.

2-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. Дүниежүзінің тарихи картасынан Африка елдерінің азаттық алу кезеңдерінің шартты белгілеріне қарай отырып, берілген кестені толтырыңдар.

Тәуелсіздік алған мемлекеттер

1960 ж.	1970 ж.	1980 ж.	1990 ж.
саны	саны	саны	саны

2. 1945 жылы Африканың батыс бөлігіндегі елдер қандай Еуропа мемлекеттерінің отары болды? Онда тәуелсіздік алғаннан кейін қандай жаңа мемлекеттер құрылды?
3. Африканың оңтүстігіндегі аумағы шағын мемлекеттерді картадан тауып, оларға өткен сабақтан алған білімдеріңнің негізінде сипаттама беріңдер.

3-тапсырма. Логикалық сұрақтар. Берілген мәліметтерді қолданып, сұрақтарға жауап беріңдер.

I. 1987 жылы жан басына шаққанда білім беру үшін бөлінген қаражаттың мөлшері (доллармен): дүниежүзі бойынша — 188, дамыған елдерде — 704, дамушы елдерде — 29. Осылардың ішінде Африкада (Араб елдерін қоспағанда) — 15 доллар, Араб елдерінде — 134 доллар.

Білімнің адамдарды өмір бойы ілгерілеушілікке жетелей алатындай күші бар ма? Төмендегі жауаптардың үлгілерін пайдаланып, өз пікірлеріңді дәлелдеңдер:

- а) қазіргі кезеңдегі білім берудегі басты мәселе қоғам мен жеке адам үшін тиімділігінде;
- ә) білім алдыңғы қатарлы қоғам мен салауатты өмір салтына жеткізеді деген сенімнің болуы;
- б) білім әлеуметтік-мәдени ортамен байланысты;
- в) білім қоғам мүшелері үшін шешуін қажет ететін маңызды мәселелердің бірі;
- г) білім қоғамдағы тарихи үдеріспен тығыз байланысты.

Біздің еліміздің тарихынан мысалдар келтіріп, жауаптарыңды қорытындылаңдар.

II. 1980 жылдарда Африка елдері қарулануға жылына 15 млрд доллар жұмсады. Африканың бұл қиындықтан шығар жолы бар ма?

Басқа елдердің (атап айтқанда, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің) тарихынан мысал келтіріп, жауаптарыңды дәлелдеңдер.

1. Халық санының жылдам өсуі жағдайын бақылап, қадағалай отырып, тиімді шаралар қолдануға бола ма?
2. Саяси өмірді тұрақтандыру үшін бұл аймақта қандай саяси әрекеттер мен өзгерістер жүргізуге болады?
3. Күн сайын өсіп келе жатқан жаппай қаруланумен қалай күресуге болады?
4. Африка құрлығындағы қазба байлықтарды үнемді пайдаланудың құралы мен әдісін табуға бола ма?
5. Адамзатты аштықтан қалай құтқаруға болады? Жұқпалы аурулардан сақтау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты азайту адамдар үшін қолайлы жағдайлар туғызуы мүмкін бе?

4-тапсырма. 1-бөлімдегі тарихи даталарға сәйкес 2-бөлімнен жауаптарын іздестіріңдер.

I бөлім

1. 1952 жылы 23 шілдедегі төңкерістің басшысы.
2. 1956 жылы соғыс өртін тұтандырушылар.
3. 1961 жылғы офицерлер бірлігінің нәтижесі.
4. 1958 жылғы 14 шілдеде құрылған жаңа өкімет.
5. 1967 жылы Тиран бұғазын жауып тастады.
6. 1979 жылғы бітімшартының табысы.
7. 1981 жылы 6 қазанда болған оқиға.
8. 1990 жылы басталған соғыс.
9. Халқы 700 млн-нан асып түскен құрлық.
10. 30 жылдай абақтыда отырған қайраткер.
11. 1963 жылы құрылған ұйымның кейінгі атауы.

II бөлім

1. Н.Мандела.
2. Израиль, Англия, Франция.
3. Г.А.Насыр.
4. Сирия Араб республикасы жарияланды.
5. Қазан соғысының сегіз жылдығына байланысты мерекелік шеруде Ә. Садатты атып кетті.
6. Г.А.Насыр.
7. Ирак республикасы.
8. Африка.
9. С.Хусейн Кувейтке соғыс бастады.
10. “Африка одағы”.
11. Синай түбегі Египетке қайтарылды.

Тест сұрақтары

1. Шатт әл-Араб өзенін тең пайдалану туралы шарт қандай мемлекеттер арасында болды?
 - а) Ирак пен Кувейт арасында;
 - ә) Ирак пен Иран арасында;
 - б) Ирак пен Ливан арасында;
 - в) Ирак пен Израиль арасында.
2. Мәскеу беделінің түсуі қандай оқиғаға байланысты болды?
 - а) Камбоджа мәселесі;
 - ә) Таяу Шығыс мәселесі;
 - б) Иран мәселесі;
 - в) Ауғанстан мәселесі.
3. АҚШ-тың “Шөл дала дауылы” атты әскери операциясы қай мемлекетке бағытталды?
 - а) Кувейтке;
 - ә) Иракқа;
 - б) Иранға;
 - в) Сирияға.

VIII тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

§ 27. XX ҒАСЫРДЫҢ 70–90-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ. ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУПСІЗДІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырындар.

Шешенстан мәселесі ... жылы генерал ... атқару органының басқармасы қызметіне сайлаудан басталды. 1991 жылы шешен халқы ... жариялады. Шешенстан халқының жоғарғы өкілеттік билігі Ресей армиясы ... жылы Грозныйды алды. Шешенстан Республикасының президенттігіне ... сайланды. Екі дербес ... және ... мемлекеттері құрылды.

2-тапсырма. Сөздер мен ұғымдардың мағынасын түсіндіріңдер.

1. Ауған жанжалы;
2. “Қызыл кхмерлер”;
3. Камбоджа мәселесі;
4. Ново-Огарево келісімі;
5. Беловеж келісімі.

3-тапсырма. Жауаптарын сәйкестендіріңдер.

Сұрақтары	Жауаптары
1) Беловеж келісіміне қол қойған өкімет басшылары	а) Н.Ә.Назарбаев, А.Ақаев, Б.Ельцин, Цзян Цзэмин, И.Рахмонов
2) 4 + Н тұжырымдама формуласының авторы	ә) М. С. Горбачев.
3) “Шанхай бестігі” келісіміне қол қойған елбасшылары	б) Б.Ельцин, Л.Кравчук, С.Пушкевич.
4) КСРО-ның тұңғыш және соңғы президенті, қайта құру саясатының идеологі	в) Н.Ә.Назарбаев
5) Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарсы шыққан топтың басшысы, РФ-ның президенті	г) С.Хусейн
6) Иран мен Кувейтке қарсы соғыс ашқан Ирак президенті	ғ) Д.Дудаев
7) Кеңес Одағының батыры, генерал, Шешенстан Республикасының президенті	д) Б.Ельцин

1	2	3	4	5

4-тапсырма. Өздеріңді тексеріңдер.

1. КСРО кезіндегі жанжалдар:
 - а) Қырғызстан, Тәжікстан, Таулы Қарабақ;
 - ә) Тәжікстан, Кавказ, Днестр;

- б) Грузия, Қырғызстан, Украина;
 - в) Армения, Өзiрбайжан, Тәжікстан.
2. Ново-Огарево келісімінің мақсаты:
- а) егемен мемлекеттер одағын құру;
 - ә) елдердің тәуелсіздігін жариялау;
 - б) әкімшіл-әміршіл жүйені сақтап қалу;
 - в) федерациялық одақ құру.
3. Алматы хаттамасы бойынша:
- а) ТМД құрылып, КСРО өмір сүруін тоқтатты;
 - ә) Ресей ұлттық мемлекеттердің федерациялық одағы құрылды;
 - б) Еуразиялық Одақ құрылды;
 - в) “Шанхай бестігі” келісіміне қол қойылды.
4. “4 + Н” формуласы негізінде ықпалдастыққа қандай мемлекеттер кірді?
- а) Белоруссия, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, + Тәжікстан;
 - ә) Белоруссия, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, + Украина;
 - б) Белоруссия, Ресей, Украина, Қырғызстан, + Тәжікстан;
 - в) Белоруссия, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, + Қазақстан.
5. 1975 жылы қол қойылған еуропалық елдер құжатының атауы:
- а) Қызыл кітап;
 - ә) Жасыл кітап;
 - б) Үйенкі бұтағы;
 - в) Сары кітап.
6. Қосылмау қозғалысы мүшелерінің әлем бойынша саны қанша?
- а) 100-ден аса;
 - ә) 50 шақты;
 - б) 70-ке тарта;
 - в) 80-нен астам.
7. Молдавия құрамында егенмендігін жариялаған халық:
- а) абхаздар;
 - ә) оңтүстік осетиндер;
 - б) гагауыз халқы;
 - в) сыған халқы.
8. Ұлттық конгресс қай елдің жоғарғы өкілеттік билігі?
- а) Пешенстанның;
 - ә) Ингуш елінің;
 - б) Тәжікстан мемлекетінің;
 - в) Татарстан халқының.

5-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Ұлтаралық қатынастар

№	КСРО-ның ыдырауына байланысты пайда болған қайшылықтар	Уақыты	Нәтижелері	Салдары
1.				
2.				
3.				

§ 28—29. XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЖАНЖАЛДАР

1-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Орталық Азия мен Кавказ елдерінің саяси дамуы

Елдер	Қозғалыстар	Жылдары	Президенттері
Өзбекстан			
Қырғызстан			
Тәжікстан			
Түрікменстан			
Армения			
Әзірбайжан			
Грузия			

2-тапсырма. Карточкалық сұрақтарға жауап беріңдер.

1-топ

Армения

1. Армениядағы дағдарыстың түп негізі қандай? Пікірлеріңді айтыңдар.
2. Таулы Қарабақ мәселесінің шешім таппауының себебі қандай?

2-топ

Әзірбайжан

1. Г. Әлиевтің үкімет басына келуінің себептері қандай?
2. Баку — Жейхан құбырын салудың маңызы қандай?

3-топ

Грузия

1. Осетия, Абхазия, Аджария халықтарының мүдделері қандай?
2. Грузия-Ресей қарым-қатынастары туралы не білесіңдер?

4-топ

Қырғызстан

1. Қырғызстандағы экономикалық қиыншылықтар туралы не білесіңдер?
2. Баспасөз материалдары бойынша 2005 жылы Қырғызстанда болған оқиғалар туралы әңгімелеп беріңдер.

5-топ

Тәжікстан

1. Тәжікстанның 1993 жылғы жағдайына сипаттама беріңдер.
2. Тәжікстанның Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасы туралы әңгімелеп беріңдер.

3-тапсырма. Логикалық тапсырма.

1995 жылдан бері Түрікменстан бейтараптық саясат ұстанып келеді. Көршілес елдермен әскери-саяси және экономикалық ұйымдарға қатысудан да бас тартты. Бұл жағдайдың ұтымды жері — әскери шығындарын азайтуға мүмкіншіліктің болуы. Түрікменстанның бұл саясатын Орталық Азияның басқа елдеріне қолдануға бола ма? Жауаптарыңды ойластырыңдар.

4-тапсырма. Оқиғаларды және олардың басшыларын сәйкестендіріп жазыңдар.

	Оқиғалар	Басшылары
1.	Ислам өркендеу партиясының жетекшісі елдегі азамат соғысын тоқтату үшін Ресеймен келіссөз жасаған	а) И.Каримов
2.	1995 жылдан 2005 жылға дейін экономиканы жақсартуға жоспар қабылдады	ә) Ә.Туранджон-заде
3.	Исламдық мемлекет құру талаптарын алға тартуда	б) А.Ақаев
4.	Бейтараптық саясат ұстанды	в) Л.Тер-Петросян
5.	1993 жылы жаңа Конституцияны бекітті	г) С.Ниязов

1	2	3	4	5	6	7

5-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағынасын түсіндіріп беріңдер.

“Камбоджа” мәселесі, “қызыл кхемерлер”, Таяу Шығыс мәселесі, “Жол картасы”, “Хамас”, “Джихад”, “Фатх қозғалысы”, “Невада — Семей” қозғалысы, “Ерік” партиясы, “Банкроттық туралы” заң.

6-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

	Оқиғалар	Басшылары
1.	1999 жыл, тамыз	
2.	1993 жыл, мамыр	
3.	1993 жыл, қыркүйек	
4.	1991 жыл, қазан	
5.	1996 жыл, қаңтар	
6.	2001 жыл, ақпан	
7.	2003 жыл, 30 сәуір	
8.	2006 жыл, қаңтар	
9.	1991 жыл, тамыз	
10.	1990 жыл, 23 қыркүйек	
11.	1998 жыл, ақпан	
12.	1999 жыл, қазан	
13.	1991 жыл, 16 желтоқсан	
14.	1991 жыл, 1 желтоқсан	
15.	1991—1992 жылдар	

§ 30. ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДЕРДІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

1-тапсырма. Мына сөздер мен ұғымдардың мағынасын түсіндіріңдер.

- 1) Постиндустриялдық қоғам;
- 2) жаһандану;
- 3) “Үлкен сегіздік”;
- 4) азаматтық қоғам;
- 5) плюрализм;
- 6) демократия;
- 7) қосылмаушылық қозғалысы;
- 8) “зұлымдық қимылдар”;
- 9) “Шөл дала дауылы”.

2-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. КСРО ыдырағаннан кейін Азияда құрылған егемен елдерді картадан көрсетіңдер.
2. Африкада құрылған мемлекеттерді географиялық орналасқан аумағына қарай топқа бөліп, картадан көрсетіңдер.
 - а) Солтүстік;
 - ә) Батыс;
 - б) Шығыс;
 - в) Орталық-тропиктік;
 - г) Оңтүстік.

3. Азиядағы экономикасы ғажайып түрде дамыған елдерді картадан көрсетіндер.
4. Экономикалық бірлестіктің түрлерін, оған кірген мемлекеттерді картадан көрсетіндер.
5. Қай елдердің адамдары шетке (миграция) көбірек кетеді. Картадан көрсетіндер.

3-тапсырма. Оқиғаларды жылына қарай ретімен орналастырыңдар.

- а) Ауғанстанды бомбалау туралы АҚШ, Ұлыбритания қимылдары;
- ә) КСРО-ның ыдырауы;
- б) Атом қаруын таратпау туралы шарт;
- в) АҚШ-та болған қастандық;
- г) Үндістан мен Пәкстандағы ашық ядролық аймақтар.

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Жаһандық мәселелерді атап, мысалдар келтіріңдер.
2. Жаһандық мәселелер: Арал теңізін құтқару жөніндегі жоспар туралы не білесіңдер? Мысалдар келтіріп, пікірлеріңді дәлелдендер.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары және олардың хабарларының мазмұны мен маңызын ашып беріндер.
4. Демократиялық құндылықтар дегеніміз не? Ол жөнінде өз пікірлеріңді дәлелдендер.

5-тапсырма. Пікірталас сұрақтарына жауап беріндер.

1. 1997—2004 жылдар аралығында Азия елдеріндегі болған қақтығыстар туралы айтып беріндер.
2. Африка құрлығындағы мемлекеттердің демографиялық, экологиялық мәселелері туралы не білесіңдер?
3. Латын Америкасы елдеріндегі экономикалық жағдай туралы әңгімелеп беріндер.

§ 31. ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ҮДЕРІСТЕР. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Нью-Йоркте ... жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының ... мерекелік сессиясы болып өтті.
2. КСРО-ның құрамында болған мемлекеттер ..., ..., ... 2001 жылы НАТО қатарына кірді.
3. ... жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы құрылды.

2-тапсырма. Тарихи оқиғаларды жылына қарай ретімен орналастырыңдар.

1. “Мәдениетке қолдау көрсету жылы”.
2. Н.Ә.Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты монографиясы.
3. “Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы”.

4. “Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы”.
5. Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы.
6. Абай Құнанбаевтың 150 жылдығы.
7. “Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы”.

3-тапсырма. Өздеріңді тексеріңдер.

Тест сұрақтары

1. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға қай жылы мүше болып кірді?
 - а) 1992 ж. 2 наурыз;
 - ә) 1992 ж. 4 маусым;
 - б) 1993 ж. 28 қаңтар;
 - в) 1993 ж. 15 қараша;
 - г) 1995 ж. 30 тамыз.
2. 1999 жылы Қазақстанмен қанша ел дипломатиялық қатынас орнатты?
 - а) 200;
 - ә) 160;
 - б) 106;
 - в) 100;
 - г) 105.
3. Халықаралық Қызыл Крестің (ХҚК) басшы ұйымдарының жиналатын қаласы:
 - а) Женева (Швейцария);
 - ә) Нью-Йорк (АҚШ);
 - б) Мәскеу (Ресей);
 - в) Бери (Швейцария);
 - г) Гавана (Куба).
4. Қазақстан Республикасының Ата Заңы қай жылы қабылданды?
 - а) 1992 ж. 25 қазан;
 - ә) 1991 ж. 28 қаңтар;
 - б) 1991 ж. 16 желтоқсан;
 - в) 1995 ж. 30 тамыз;
 - г) 1992 ж. 4 маусым.
5. Шанхай ұйымының бірінші атқару хатшысы:
 - а) Чжан Джуан;
 - ә) Н.Ә.Назарбаев;
 - б) Ху Цзиньтао;
 - в) В.Путин;
 - г) С.Ниязов.

4-тапсырма. Сөйлемді толықтырып жазындар.

1. Қазақ АКСР-нің бірінші астанасы ... жылы ... қаласы болды.
2. ... жылы қаласына ауысты.
3. ... жылдан бастап ... қаласы болды.
4. Ал ... жылы ... қаласында солтүстік астананың негізі қаланды.

5-тапсырма. Қазақстан Республикасы Конституциясының баптары бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

Баптар

1. Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы және парызы.
2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен міндеттері бойынша әскери қызмет атқарады.
3. Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті.
4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі.
5. Мемлекеттік ұйымдарды және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
6. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамытуға қамқорлық жасайды.
7. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық.

Сұрақтар

1. Бұл қағидалар Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай бөлімдері мен баптарынан алынған?
2. Жоғарыда берілген баптар құқық салаларының қай түрлеріне жатады?
3. Азаматтардың борышы мен міндеттерінің арасында қандай бірлік пен айырмашылық бар? Жауаптарыңды мысалдар келтіріп, дәлелдеп беріңдер.

6-тапсырма. Қосымша таным сұрақтары.

1. 1989—1992 жылдарда ескі тарихи атауларына ие болған қалаларды естеріңе түсіріңдер.
2. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғаш таныған мемлекеттер.
3. Өздерің тұрған жердегі тарихи атаулары қайта оралған елді мекендерді атаңдар. Бұл атаулардың тарихы туралы деректер жинаңдар.

7-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

ТМД елдері	Ұлттық валюталары	БҰҰ-ға кірген уақыттары	Тәуелсіздігін алған жылы

§ 32. XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1-тапсырма. Ұғымдармен жұмыс. Мына ұғымдардың мағынасын түсіндіріңдер.

1. Жаһандық мәселе.
2. Демографиялық мәселе.
3. Экологиялық мәселе.
4. Ғарыш пен Дүниежүзілік мұхитты игеру.

2-тапсырма. Логикалық сұрақтар.

1. XXI ғасырдың басындағы дүниежүзіне сипаттама беріңдер.
2. Постиндустриалдық қоғам — жоғары деңгейде дамыған қоғам деген тұжырымға сипаттама беріп, мысалдар келтіріңдер.
3. “Вето” құқығына ие болған мемлекеттер туралы әңгімелеп беріңдер.
4. Дүниежүзіне үстемдік етуге ұмтылушылықтың себептері неде? Қандай мемлекеттер бұған мүдделі болып отыр?
5. Экономика мен мәдениеттің байланыстарын неден көруге болады? Мысалдар келтіріңдер.
6. Бүгінгі таңда адам баласы қандай ғылыми жетістіктерге жетті? Оның ішінде адам өміріне қауіптілері бар ма? Себептерін түсіндіріңдер.

§ 33. XX ҒАСЫР МӘДЕНИЕТІ

1-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Мәдениет дамуының негізгі бағыттары

	Қоғамдық сананың бағыттары		
	Оптимизм	Пессимизм	Иррационализм
Ерекшеліктері			
Даму кезеңдері			
Пайда болуының себептері			

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәдениеттің түрлерін атаңдар.
2. “Абстракционизм”, “реализм”, “кубизм”, “модернизм”, “сюр-реализм”, “импрессионизм” ұғымдарының анықтамасын түсіндіріп, мысалдар келтіріңдер.

3. Физика саласында болған қандай жаңалықтарды білесіңдер?
4. Абстракционистік және сюрреалистік бағыттардың бір-бірінен айырмашылықтары қандай?

3-тапсырма. Логикалық сұрақтар.

1. Кеңес өкіметі кезінде 1920—1940 жылдарда түсірілген фильмдерді атаңдар, олардың мазмұнынан тоталитарлық жүйенің көрінісін байқауға бола ма? Өз пікірлеріңді дәлелдендер.
2. 1920—1930 жылдарда Кеңес жазушылары мен ақындарының шығармаларында революциялық романтизм ағымы неліктен басым болды? Революциялық романтизм бағытында жазған кеңестік жазушылар мен ақындарды атап, өздеріңе таныс жазушылардың шығармаларынан үзінді келтіріңдер.
3. Бразилия жазушысы Ж.Амаду: “Романның авторы мен болғаныммен, қайраткерлердің өмірі мен өлімі менің еркімнен тыс”, — деген екен, оның осы сөзінің мағынасын түсіндіріңдер.

4-тапсырма. Сұрақтарды талдап, жауап беріңдер.

1. Ғылымның дамуындағы атом энергиясының сыры, Ю.Гагариннің ғарышқа ұшуы, кеңістікті меңгеруге жол ашылуы, 1976 жылы компьютерді ойлап шығару мәселелері туралы не білесіңдер?
2. Сендерге Ю.Гагариннің ғарышқа ұшуы туралы қандай мәліметтер белгілі?
3. Компьютерді қай елде және кім ойлап шығарды?
4. Ғылымның дамуының еңбекті ұйымдастыру мен еңбек өнімділігін арттыруға тигізген әсері қандай? Микроэлектроника дегеніміз не?

5-тапсырма. Өздеріңді тексеріңдер.

1. Ч.Чаплин қандай фильмдерге түсті?
2. XX ғасырдың 30-жылдарында Гитлердің образын бейнелеген Ч.Чаплиннің түскен фильмі қалай аталады?
3. П.Пикассоның фашизмнің зұлымдығын бейнелеген қандай картинасы бар?
4. П.Пикассоға қандай суреттері үшін халықаралық Лениндік сыйлық берілді?
5. “Максим” атты трилогия фильмінде ойнаған актер.
6. Қазақстанда тұңғыш шығарылған дыбысты фильм қалай аталады? Басты рөлдерде кімдер ойнады?
7. “XX ғасырдың Гомері атанған” Дағыстан ақыны.
8. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақ халқының ұлы жазушысы.
9. Жүз жасаған қазақтың әйгілі ақыны.
10. Тұңғыш ғарышқа ұшқан кеңес азаматы.
11. Компьютер қашан ойлап шығарылды?
12. Абстракционизм бағытының өкілі, Ресей азаматы.

13. Авангардтық бейнелеу ағымының тармағы, сюрреализмнің жетекшісі.
14. 20-жылдарда буржуазиялық зиялы қауым топтарының бас иіп сыйлаған адамы — дәрігер, психолог.
15. Атомның тұрақтылығын түсіндіретін теорияны ашқан ғалым.
16. Салыстырымдылық теориясының негізін қалаған ғалым, физик.

ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ

1-тапсырма. Тарихи диктант. Сөйлемдерді толықтырындар.

1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі негізгі мәселе ... болды.
2. Германия ... жылы екіге бөлінді.
3. Одақтастардың арасындағы ... конференциясында-ақ келіспеушілік басталған еді.
4. Америка Құрама Штаттары соғыстан кейін Кеңес Одағына қарсы ... саясатын жүргізді.
5. АҚШ-тың ... жоспары бойынша Батыс елдері экономикасын дамытуға қаржылай көмек берілді.
6. ГФР 1960 жылдарда Еуропада ... орынға ие болды.
7. Ұлыбританияның 1970 жылдардағы экономикасының дамуын ... деп сипаттайды.
8. Франциядағы Бесінші Республиканы ... құрды.
9. Сондықтан президенттің құзырына ... тағайындау, ... тарату, ... қызметін атқару кіреді.
10. Франция Республикасының президенті ... жылғы оқиғаға байланысты қызметтен кетті.
11. ГФР-дің Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі заң шығарушы органы ... болып белгіленді, қарулы күштерін ... деп атады.
12. Италияда соғыстан кейін ... билігі жойылып, ... құрылыс орнады.
13. Италия компартиясының басшысы ... соғыстан кейін бағдарламасын ... бағытта қайта өзгертті.
14. Батыс Еуропаның соғыстан кейінгі дамуына ... әскерлерінің кіруі әсер етті.
15. Жапония соғыстан кейін ... жылы II Конституцияны қабылдады.
16. Жапонияда император ... белгісі болып табылады.
17. Жапония Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 60-жылдарда ... орынға ие болды.
18. Германияның бірігуін АҚШ, Ұлыбритания, Франция елдері қолдағаннан кейін КСРО-ның президенті ... амалсыздан ... жылы келісім берді.
19. ... жылы Германияда ... сайлау өткізілді, көпшілік дауысқа ... және ... партияларының өкілдері ие болды.
20. ГФР-де 70-жылдарда ... партиялары бір топ құрды. Вилли Брандтың негізгі мақсаты ГФР-дің мәртебесі мәселесі болды.

21. Вилли Брандтың саясатының нәтижесінде ... БҰҰ-ға кірді және ... шекарасын таныды.
22. АҚШ Маршалл жоспары бойынша — Батыстың ... еліне ... қарыз берді.
23. АҚШ президенті ... кезінде оның соғыс шығыны 134 млрд долларға өсті.
24. Сол кездегі АҚШ президенті Р.Рейган ... зерттеу бағдарламасын енгізді.
25. Еуропа елдері ... жылдары экономикалық дағдарысты басынан кешірді.
26. Кеңес өкіметінің ... жылы ыдырауына байланысты ... саясаты жойылды.
27. Бұл саясат ... жылдан Кеңес өкіметінің соңғы және бірінші президенті ... кезінде жүзеге аса бастаған болатын.


2-тапсырма. Сөзжұмбақтардың шешуін табыңдар.

Сөзжұмбақ (1939—1996 жж.)

I нұсқа

Сөзжұмбақ сұрақтары:

Көлденеңінен: 5. Германиямен шекаралас қорғаныс жүйесінің негізін қалаған француз генералы, әскери министр. 6. 1974 жылы ГФР-дің Сыртқы істер министрі, ЕДП-нің лидері. 9. Венгрия коммунистік қозғалысының қайраткері, Венгрияның социал-революциялық партиясының Орталық Комитетінің Бас хатшысы. 11. Албания еңбек



партиясының бірінші хатшысы. **12.** Ұлыбританияның 1952 жылы билік етуші королевасы. **15.** 1974 жылы амалсыздан мемлекеттің басшылық қызметінен кетуге мәжбүр болған АҚШ президенті. **18.** Германиядағы Эльба өзенінің бойындағы америка және Кеңес әскерлерінің кездескен қаласы. **19.** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропаны қайта құру жоспарының бастаушысы, “қырғиқабақ соғысты” жақтаушы АҚШ генералы. **20.** 1969—1974 жылдардағы ГФР-дің канцлері, социал-демократ. **21.** 1934—1986 жылдардағы Францияның премьер-министрі. **24.** 1945 жылы Жапония басқыншыларынан азат етілген Қиыр Шығыстағы арал. **26.** Тынық мұхиттағы арал, АҚШ штаты. **27.** 1981 жылы Испанияда мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекет жасаған подполковник. **31.** “Халықтық демократиялық” елдердегі қоғамдық және мемлекеттік құрылыс. **33.** 1974—1976 жылдардағы Францияның премьер-министрі, голлдіктердің көшбасшысы, 1995 жылы президент болған. **34.** Испаниядағы ұлттық-мемлекеттік автономия үшін күрескен халық. **35.** 1981—1989 жылдардағы АҚШ президенті. **36.** Испанияның премьер-министрі, Демократиялық орталық одағының төрағасы (1967—1981 жж.).


Тігінен: 1. Кэмп-Дэвид процесі кезінде Израильмен келісім жасаудың қадамын жасаған Египет президенті. **2.** 1990 жылы коалициялық үкімет құрған Венгр демократиялық форумының көшбасшысы. **3.** 1966 жылы тәуелсіздігін алған Африканың оңтүстігіндегі шағын мемлекет. **4.** Еуропа бірлестігі комиссиясының (ЕБК) төрағасы, Францияның өкілі, социалист. **7.** Испанияның астанасы. **8.** Мұсылмандардың басқа дін өкілдеріне қарсы (мұсылман еместерге) “Қасиетті соғысы”. Ауғанстандағы моджахедтердің ұраны. **10.** Венгрия компартиясы ОК-нің, кейін Венгрия еңбек партиясының хатшысы, 1956 жылы орнынан алынды. **13.** 1974 жылы АҚШ президентінің демалысқа кетуімен әйгілі болған Вашингтондағы қонақүй. **14.** 1964 жылғы сайлау кезінде АҚШ-ғы республикалық партияның атынан президенттікке кандидат болған адам. **16.** ГФР-дегі жергілікті өкілдік орган. **17.** Шығыс Еуропадағы ұзақ уақыт “социализмнің қорығы” болған мемлекет. **22.** АҚШ президенті Джон Кеннеди өлтірілген қала. **23.** Азиядағы үнді-пәкстан қайшылықтарының себепшісі болған қала. **25.** 1939—1975 жылдардағы Испания диктаторы. **28.** АҚШ-тың ақша бірлігі. **29.** Қытай Халық Республикасының басшысы. **30.** Чехиядағы Азаматтық форумының көшбасшысы, драматург, кейін президенті болған. **32.** Египеттің тұңғыш президенті.

Сөзжұмбақ

II нұсқа

Көлденеңінен: 5. “Қарсыласу қозғалысының” көшбасшысы, француз генералы. **6.** 1970 жылы және 1980 жылдың басындағы Польша үкіметінің басшысы. **9.** Бразилия жазушысы. **11.** “Прага көктемінің” көшбасшысы. **12.** АҚШ-тың 1981—1989 жылдардағы президенті.

15. Ауғанстанның халықтық-демократиялық партиясының Орталық комитетінің Бас хатшысы. 17. АҚШ ұшырған жер серігі. 18. Франциядағы одақтастар әскері мен 1940 жылы гитлершілдер бұзып өткен өзен. 19. ВКП ОК-нің, кейін Венгрия еңбек партиясының (ВЕП) хатшысы болған, 1956 жылы орнынан алынған. 20. Аргентинаның әйгілі революционері. 24. “Еркіндік аралының” атауы. 25. 1968—1975 жылдардағы Чехословакияның президенті, Армия генералы. 26. 1979 жылы кеңес әскерін кіргізген кезде қаза тапқан Ауғанстан президенті. 29. Германиядағы фашистердің көшбасшысы. 30. Францияның 1984—1986 жылдардағы премьер-министрі. 31. АҚШ Конгресінің Жоғарғы палатасы. 33. Потсдам конференциясы кезінде У.Черчилльдің орнына келген премьер-министр. 34. ГДР-дің қауіпсіздік қызметі.



Тігінен: 1. Португалияның 1986 жылғы президенті. 2. 1945 жылы антигитлерлік коалицияға кірген мемлекеттердің конференциясы өткен Қырымдағы қала. 3. 1947 жылғы Үндістанның премьер-министрі. 4. 1977 жылдан бастап ГФР-дің Сыртқы істер министрі, ЕДП-ның көшбасшысы. 7. 1969—1976 жылдардағы Швецияның премьер-министрі, лаңкестердің қолынан қаза тапқан. 8. 1971 жылы Чехословакия компартиясы ОК-нің Бас хатшысы. 10. 1970 жылы Израильмен Кэмп-Дэвидте қол қоюға қатысқан Египеттің президенті. 13. Социалистік лагерь елдерінің 1955 жылы өзара көмек пен достық келісіміне қол қойған жер. 14. 1970—1973 жылдары әскери-фашистік

төңкеріс кезінде қаза тапқан Чили президенті. **16.** Чехословакияның астанасы. **18.** 1981—1984 жылдардағы Францияның премьер-министрі, 1982 жылдан Социалистік Интернационалдың төрағасы. **21.** Гестапоның қолынан қаза тапқан, “Мойнымдағы қыл арқан” хабарының авторы, чех коммунисті. **23.** Израильдегі оңшыл ұлтшылдарды біріктірген саяси блоктың бірі. **27.** 1966 жылы тәуелсіздік алған Африканың оңтүстігіндегі ең кішкентай мемлекет. **28.** Реакцияшыл-саяси ағым. Гитлердің басқаруы кезіндегі мемлекеттік идеология. **31.** “Италия Өлеуметтік Республикасы” деп аталған қуыршақ мемлекет. **32.** Югославия коммунистерінің көшбасшысы.

ДҰРЫС ЖАҰАПТАРЫ

I тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҰНИЕЖҰЗІ

§ 2. XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастар және Бірінші дүниежүзілік соғыс

4-тапсырма. Сөзжұмбақ.

- | | |
|--------------|--------------------|
| 1. Ипр. | 7. Лузитания. |
| 2. Луцк. | 8. Кенигсберг. |
| 3. Марна. | 9. Ұлыбритания. |
| 4. Верден. | 10. Новороссийск. |
| 5. Компьен. | 11. Брест-Литовск. |
| 6. Брусилов. | |

II тарау. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ДҰНИЕЖҰЗІ (1918—1939 жж.)

§ 4. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсеңдеуі

3-тапсырма. Сөзжұмбақ.

- | | |
|------------------|---------------|
| 1. Гинденбург. | 7. Мюнхен. |
| 2. Геринг. | 8. Нью-Йорк. |
| 3. Гардинг. | 9. Канцлер. |
| 4. Гитлер. | 10. Рейхстаг. |
| 5. Рузвельт. | 11. Гамбург. |
| 6. Тоталитаризм. | 12. Германия. |

IV тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ДҰНИЕЖҰЗІ

§ 17. “Қырғиқабақ соғыс”. НАТО және Варшава шарты. Дүниежүзілік саясат циклдері

11-тапсырма. Сөзжұмбақ.

- | | |
|----------------|--------------|
| 1. Кувейт. | 11. Алжир. |
| 2. Тунис. | 12. Райк. |
| 3. Стамбұл. | 13. Костов. |
| 4. Лаос. | 14. Вьетнам. |
| 5. Садат. | 15. МХРП. |
| 6. Трумэн. | 16. Пәкстан. |
| 7. Нанкин. | 17. Насер. |
| 8. НАТО. | 18. Рақоши. |
| 9. Отан. | 19. Иордан. |
| 10. Никарагуа. | 20. Невада. |

VI тарау. СОЦИАЛИСТІК ДАМУ ЖОЛЫНДА ТҮРҒАН ЕЛДЕР

§ 21. Кеңес Одағы

4-тапсырма. Мына адамдардың кім екенін анықтаңдар.

- а) Л.И.Брежнев;
- ә) Н.С.Хрущев.

§ 22. Социалистік даму жолындағы Шығыс Еуропа және Азия елдері

3-тапсырма. Кесте.

Еуропада

- | | |
|---------------|------------------|
| 1. Югославия. | 5. Польша. |
| 2. Болгария. | 6. Чехословакия. |
| 3. Венгрия. | 7. ГДР. |
| 4. Румыния. | |

Азияда

- 1. Моңғолия.
- 2. Қытай.
- 3. Вьетнам.
- 4. Лаос.
- 5. Қамбоджа.
- 6. КХДР.

Латын Америкасында

- 1. Куба.

5-тапсырма. Ребус.

- а) Жаңалау.

VII тарау. АЗИЯ ЖӘНЕ ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

§ 25. Азия елдері

1-тапсырма. Тарихи диктант.

- | | |
|------------------------------|---------------------------|
| 1. 1947. | 11. 1971, Шығыс Бенгалия. |
| 2. Дж. Неру. | 12. СЕАТО. |
| 3. 1966, 1980. | 13. 1988. |
| 4. 1998. | 14. М.Н.Шариф. |
| 5. К.Р.Наранаян президент. | 15. 1997. |
| 6. 1998. | 16. 1999. |
| 7. Қытай, Пәкстан. | 17. Ұлттық партия. |
| 8. Тәуелсіз. | 18. Х.Ф.Эршад. |
| 9. 1955. | 19. 1997—2001. |
| 10. Президенттік республика; | |

5-тапсырма. Сөзжұмбақ.

- | | |
|-------------|-------------------|
| 1. Инд. | 6. “Жолбарыс”. |
| 2. Лаос. | 7. Бангладеш. |
| 3. Ганди. | 8. “Цзаофанлар”. |
| 4. Шанхай. | 9. Тяньаньмэнь. |
| 5. Таиланд. | 10. Хунвэйбиндер. |

6-тапсырма.

- А — 1, 2, 3, 4, 6, 8, 19, 22, 29.
Б — 7, 9, 10, 11, 12, 16, 17, 18, 26, 27, 28, 30.
В — 7, 9, 13, 14, 15, 31.
Г — 7, 9, 13, 18, 27, 29, 32.
Д — 7, 9, 18, 27, 28, 35.
Ж — 8, 33, 34, 37.
З — 8, 34, 35, 36.
И — 5, 8, 13, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 29.

VIII тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

§ 30. Дүниежүзіндегі ықпалдастық үдерістер. Халықаралық ұйымдардың қызметі және бүгінгі Қазақстан

4-тапсырма. Сөйлемді толықтырып жазыңдар.

- а) 1920 ж. — Орынбор;
- ә) 1925 ж. — Қызылорда;
- б) 1929 ж. — Алматы;
- в) 1998 ж. — Ақмола.

§ 32. XX ғасыр мәдениеті

5-тапсырма. Өздеріңді тексеріңдер.

- 1. Дыбыссөз.
- 2. Диктатор.
- 3. “Германияның талқандалуы”.
- 4. Бейбітшілікті уағыздағаны үшін.
- 5. Василий Чирков.
- 6. “Амангелді” 1983 ж. Шара Жиенқұлова, Елубай Өмірзақов.
- 7. Расул Ғамзатов.
- 8. Абай Құнанбаев.
- 9. Жамбыл Жабаев.
- 10. Юрий Гагарин.
- 11. 1976 ж.
- 12. Василий Кандинский.
- 13. Сальвадор Дали.

14. Зигмунд Фрейд.
15. Нильс Бор.
16. Альберт Эйнштейн.

ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ

1-тапсырма. Тарихи диктант.

Көп нүкте орнына

1. Германия.
2. 1949.
3. Потсдам — Берлин.
4. “Қырғиқабақ”.
5. Маршалл.
6. 1-ші.
7. “Ағылшын ауруы”.
8. Шарль де Голль.
9. Әскербасын, парламентті, жоғары әскери қолбасшылық.
10. 1968.
11. Бундестаг, Бундесвер.
12. Монархия, демократиялық.
13. Антонио Грамши, демократиялық.
14. Ағылшын-американ.
15. 1946.
16. Халық символы.
17. Екінші.
18. М.Горбачев, 1990.
19. 1991 ж., Бундестагқа, ХДО, ЕДП.
20. ХДО, ЕДП, ХДС.
21. 1970, Польшаның.
22. Он алты, 17 млрд.
23. Рейган.
24. “Жұлдызды соғыстар”.
25. 1971—1975.
26. 1991, “қырғиқабақ”.
27. 1987, М.Горбачев.

2-тапсырма. Сөзжұмбақтар.

І нұсқа

Көлденеңінен: 5. Мажино. 6. Геншер. 9. Қадар. 11. Ходжа. 12. Елизавета. 15. Никсон. 18. Торғау. 19. Маршалл. 20. Брандт. 21. Фабиус. 24. Сахалин. 26. Гавай. 27. Техеро. 31. Социализм. 33. Ширак. 34. Баскілер. 35. Рейган. 36. Суарес.

Тігінен: 1. Садат. 2. Анталл. 3. Лесото. 4. Делор. 7. Мадрид. 8. Джихад. 10. Ракоши. 13. “Уотергейт”. 14. Голдуотер. 16. Ландтаг. 17. Албания. 22. Даллас. 23. Кашмир. 25. Франко. 28. Доллар. 29. Цзэдун. 30. Гавел. 32. Насер.

II нұсқа

Көлденеңінен: 5. Голль. 6. Терек. 9. Амаду. 11. Дубчек. 12. Рейган. 15. “Шарп”. 17. Кармаль. 18. Маас. 19. Ракоши. 20. Гевара. 24. Куба. 25. Свобода. 26. Амин. 29. Гитлер. 30. Фабиус. 31. Сенат. 33. Эттли. 34. Штази.

Тігінен: 1. Соареш. 2. Ялта. 3. Неру. 4. Геншер. 7. Пальме. 8. Гусак. 10. Садат. 13. Варшава. 14. Альеңде. 16. Прага. 18. Моруа. 21. Фучик. 23. “Ликуд”. 27. Лесото. 28. Фашизм. 31. Сало. 32. Тито.

ЖАДНАМА

Көпшілік алдында шығып сөйлеуге дайындалу

1. Тақырыпты ертерек таңдап алыңдар! Өздеріңе таныс әрі қызықты болсын. Қосымша әдебиеттердің жеткілікті болуын ескеріңдер.
2. Әдебиеттерді қарап шығыңдар, өздеріңе керегін жазып алыңдар, жоспар құрыңдар.
3. Жоспар бойынша таңдап белгілеңдер. Тындаушылар үшін маңызды әрі қызықты мәліметтер керек екендігін ескеріңдер.
4. Шығып сөйлеуге уақыт белгілеңдер.
5. Естеріңде сақтаңдар.
 - Не айту керек?
 - Ойларыңды жеткізе біліңдер.
 - Айтып үлгеруге тырысыңдар.
6. Нақты, қаттырақ сөйлендер.
7. Көрнекілік пен суреттер, сызбалар дайындаңдар.
8. Сұрақтарға жауап беруге дайын болыңдар және өз пікірлеріңді қорғай біліңдер.

Баспасөз материалдарын таңдауға арналған талаптар

1. Баспасөздің аты, саны, шыққан уақыты, авторы мен мақаланың тақырыбы.
2. Бұл мақаланы қандай сұрақтарға байланысты таңдап алдыңдар?
3. Тындаушыларыңды жалықтырмаңдар. Мазмұнын айтқанда нақты сұрақтарға жауап беріңдер.
4. Мақала қазіргі кезеңнің қандай мәселесіне жауап беретіндігін айтыңдар.
5. Оқиғаға қатысты өз пікірлеріңді айтыңдар. Өлемдегі оқиғалар мен еліміздегі жағдайларға оқиғаның әсері қаншалықты екенін ашып көрсетіңдер.

Тарихи қайраткерге сипаттама және баға беру

1. Қашан және қай елде өмір сүріп, еңбек етті? Көзқарасының қалыптасуына әсер еткен жағдайлар.
2. Қайраткердің алдына қойған жоспары, мақсаты, мақсатына жету жолдары.

3. Сыртқы келбеті, мінез-құлқы. Мақсатына жету жолындағы қасиеттер және кедергі болған жағдайлар.
4. Қызметінде қол жеткізген нәтижелерін атап шығындар. Қоғам алдында және мемлекет тарихында алатын орнын көрсетіндер.
5. Ісі мен қызметіне қарап қандай топтардың мүддесін көздейтіндігіне баға беріндер.
6. Қайраткерге деген өздерінің көзқарастарыңды білдіріндер. Ел мен халықтың өмірінде оның ісінің маңыздылығын көрсетіндер.

ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР

Естеріңде сақтаңдар!

Аннексия (лат. тіл. — *қосып алу*) — соғыста жеңген елдердің жеңілген елдің жерінің бір бөлігін өзіне қосып алуы, әділеттілікті қалпына келтіруі үшін соғыстың шығынын өтеу керек деп саналған.

Антанта (франц. тіл. — *келісім*) — 1904 жылы құрылған ағылшын-француз одағы. Кейін 1907—1917 жылдары Англия, Франция, Ресей бірігіп әскери-саяси одақ құрды. Бірінші дүниежүзілік соғыста 23 мемлекет Антанта елдерімен бірігіп, Германиямен оның одақтастарына қарсы соғысты.

Ақ гвардияшылар — Қазан төңкерісінен кейін большевиктерге қарсы құрылған әскери күш.

Бас көтеру, ереуіл — жұмысшы табының экономикалық және саяси құқықтары үшін жүргізетін күрес әдісі. Өз талаптарын орындатқанша жұмысты тоқтатып, кәсіпорын иелерін келісімге келуге мәжбүрлеу.

Буржуазия (франц. тіл. — *мещан, қала тұрғыны*) — пайда табу үшін кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың бір тобы, белгілі бір тап иесі. Еуропа елдерінде: Англияда XVII ғасырда, Францияда XVIII ғасырда қалыптасты.

Волонтаризм (лат. тіл. — *ерік*) — философиядағы бір бағыт. Объективті жағдайларды ескермей жүргізген жеке адамның іс-әрекеті.

Гегемония (грек тіл. — *үстемдік*) — саясат пен халықаралық қатынаста басшылық рөлін атқарушы. Большевиктер бұл сөзді революциядағы жұмысшы табының үстемдігі деп түсіндірді.

Генералиссимус — ең жоғары әскери шен. Бұл шен 1945 жылы 26 маусымда Кеңес өкіметі кезінде енгізілді. 1945 жылы 27 маусымда бұл шен И.В.Сталинге берілді.

Декларация (лат. тіл. — *мәлімдеме*) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының бағытын ресми түрде мәлімдеу.

Декрет (лат. тіл. — *қаулы*) — мемлекеттің жоғарғы органының шығарған Заң актілері. (Мысалы, “Жер туралы” Декрет, “Бітім туралы” Декрет — 1917 жылы 27 қазанда Кеңестердің II съезінде қабылданған.)

Диссидент — басқаша ойлау, біздің елімізде 70-жылдарда кең етек алды. Диссиденттік бағыттың өкілдері қудаланып, көпшілігі шетелдерге кетуге мәжбүр болды.

Индустрияландыру — 1) ірі, техникалық жағынан дамыған өнеркәсіп құру. 2) (лат. тіл. — *талпыныс*) ірі машиналы өндіріске негізделген экономиканы құру үрдісі.

Картель (франц. тіл. — *құжат*) кәсіпорындардың бірігуі, монополияның бір түрі. Кәсіпорынның өз дербестігін сақтай отырып, өнімді өткізу мен өнімнің мөлшерін белгілеу, жұмысшы жалдау үшін құрылған бірлестік.

Кеңестер — 1905—1917 жылдары пайда болған сайлауға негізделген саяси ұйым. Мысалы, Шаруа депутаттарының кеңесі, Солдат депутаттарының кеңесі.

Коррупция (лат. тіл. — *сатып алу*) жеке басының баюы үшін заңды бұза отырып, қызметін пайдалануы.

Кулак — сату, сағып алумен айналысатын, шаруашылықты іскер жүргізетін шаруалардың бір тобы.

Ленд-лиз — 1941 жылы 1 қазанда АҚШ, Англия, КСРО арасында болған келісім. Келісім бойынша қару-жарақ, оқ-дәрі, шикізат, азық-түлік пайдалануға қарыз берілді.

Либерализм (лат. тіл. — *ерікті*) — саяси-идеялық ағым. Қоғам мен мемлекеттік құрылысты бейбіт жолмен қайта құру жолдарын қарастырады.

Құрылтай жиналысы — Ресейде Ақпан революциясынан кейін парламент қызметін атқарған. 1918 жылы 5(18) қаңтарда Петроградтағы Таврия сарайында мәжілісін ашқан. 1918 жылы 20 қаңтарда БОАК-тың декретімен таратылды.

Модерн (лат. тіл. — *жаңа, қазіргі*) — XIX—XX ғасырларда пайда болған өнердегі бағыт. Бұл бағыттың өкілдері сәулетшілер мен суретшілер, өмірде ыңғайлы өрі әдемі нәрселерді жасау үшін, оны табиғатпен тығыз байланыстыра қарастырған.

Оккупация — қарулы күштердің көмегімен қарсыластардың аумағын уақытша басып алу.

Орга шаруа — шаруа, бай-кулактар мен кедей шаруалардың ортасындағы топ. Жалдамалы еңбекті пайдаланбай өзін-өзі қамтамасыз ететін әлеуметтік топ.

Өзара Көмек Кеңесі (ӨКК) — 1949—1991 жылдар аралығында өмір сүрген социалистік елдердің экономикалық одағы. ӨКК-нің мүшелігінде Албания 1961 жылға дейін, Болгария, Венгрия, Вьетнам, ГДР 1990 жылға дейін, Қуба, Моңғолия, Польша, Румыния, КСРО, Чехословакия 1991 жылға дейін болды. Хатшылығы Мәскеуде орналасты.

Ратификация (лат. тіл. — *бекіткен*) жоғарғы өкімет органының халықаралық келісімді бекітуі.

Реквизициялау (лат. тіл. — *талап ету*) — дүние-мүлікті күштеп уақытша мемлекеттің меншігіне алу.

Репрессия (лат. тіл. — *басып-жаныштау*) — қатыгездікке негізделген, мемлекет тарапынан басқаша ойлаушыларға қарсы бағытталған жазалау әрекеті.

Салғырт (азық-түлік салғырты) — ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау үшін “әскери коммунизм” саясаты кезінде (1918—1920 жж.) құрылған жүйе. Салғырттың мәні — шаруалардың нақты бағамен артық өнімді мемлекетке өткізу міндеттілігі.

Салық (азық-түлік салығы) — 1921 жылы салғырттың орнына енгізілді. Жаңа экономикалық саясаттың көрінісі. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда азырақ болды, артық өнімді сағуға рұқсат берілді.

Сепараттық келісім — басқа одақтастарымен келіспей қарсылас елдердің бірімен жасалған бітім.

Синдикат (лат. тіл — *өкілетті*) — Ресейде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған монополияның бір түрі. Шығарған өнімнің саны мен өткізу бағасын белгілеп, сағу жағдайларын келісу үшін құрылған еркіндігі бар өндірістік бірлестік.

Социализм (лат., франц. тіл. — қоғамдық) — маркстік теорияға негізделген, капитализмнің орнына келетін қоғамдық және мемлекеттік құрылыс. Социализмнің принципі: “Әркімге — қабілетіне қарай, әркімге — еңбегіне қарай”.

Ұжымдастыру — 1) ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіру арқылы социалистік елдерде ірі социалистік ауылшаруашылық кәсіпорындарын — артельдерді құран; 2) КСРО-да 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында күштеп ұжымшарлар құру арқылы ауыл шаруашылығын ұйымдастырған.

Эмиссар (лат. тіл. — жіберілген) — саяси немесе мемлекеттік ұйымдардың бейресми тапсырмасымен басқа елге жіберілетін жеке өкіл.

Эсер — социалист-революционерлер партиясы (СРП). Алғаш рет 1894—1896 жылдары пайда болды. 1901 жылы біртұтас партияға айналды. Көрнекті өкілі В.М.Чернов. Негізгі бағдарламасы: саяси еркіндік, “жерді кім өндесе, соларға тиісті” деген көзқарастарды жақтаған ұйым. 1917 жылы халық арасында біртіндеп беделі кете бастады.

Сендер білесіңдер ме?

Блэр Энтони (Тони) Чарлз Линтон. 1953 жылы орта дәулетті отбасында дүниеге келді. Оксфорд университетін бітірді. 1994 жылы консерваторлар партиясының басшысы болып сайланды. 1997 жылы Ұлыбританияның премьер-министрі болды. Батыс елдеріндегі саясаткерлердің ішінде бірінші болып Ресеймен тіл табысқан қайраткер.

Брандт Вилли (Карл Герберт Фрам) (1913—1992 жж.) Германияда үкімет басына Гитлердің келуіне байланысты Норвегияға одан кейін Швецияға эмиграцияға кеткен. Социал-демократ, антифашист. Соғыс аяқталғаннан кейін Германияға қайтып келді.

1949 жылы Бундестагтің депутаты болды. 1957—1966 жылдары Батыс Берлиннің бургомистрі қызметін атқарды. 1969 жылы канцлер болып сайланды. 1971 жылы Нобель сыйлығын алды. 1974 жылы хатшысының ГДР-дің “Штази” барлау ұйымының агенті болғандығы анықталғаннан кейін демалысқа кетті. БҰҰ-ның дүниежүзілік экономика мәселесі жөніндегі комиссиясының төрағасы болды.

Дэн Сяопин (1904—1997 жж.) Қытайдағы нарықтық экономиканың негізін қалаушы. 16 жасында Францияға барып жұмыс істеген әрі оқыған. 1926—1927 жылдары КСРО-да білім алған. Қытайға оралғаннан кейін партия қызметінде, 1956 жылдан 1966 жылға дейін ҚКП ОК-нің Бас хатшысы болып істеді. “Мәдени революция” кезінде қайта тәрбиелеу мақсатында трактор зауытына темір ұстасы етіп жіберілді. 1976 жылдан ҚКП-нің басшылық қызметіне қайта келді.

1997 жылы демалысқа кетті.

Жак Ширак Францияның президенті. 1932 жылы банкирдің отбасында дүниеге келді. Жас кезінде Шығыс мәдениетімен танысып, Қытай өнерін зерттеді, орыс тілін үйреніп, француз тіліне “Евгений Онегинді” аударды.

Париж қаласындағы институтты бітірді. Теңізші болғысы келіп, сауда кемесінде де жүзді. АҚШ-ғы Гарвард университетінің жанындағы жазғы бизнес мектебін бітірді.

15 жасында ол Шарль де Голль құрған “француз халқын біріктіру” ұйымына кірді, ал 35 жасында Ұлттық жиналыстың депутаты болып, кейін мемлекеттік хатшы қызметін атқарды. Оны табандылығы мен қажырлығы үшін “бульдозер” деп атады. 1977 жылы Жак Ширак Париж қаласының мәрі болып сайланды. Бұл қызметінде ол 1995 жылға дейін болды.

Клинтон Уильям (Билл) АҚШ-тың 42-ші президенті. 1946 жылы Арканзас штатында Литл-Рокта дүниеге келді. Ол Джорджтаун университетін, одан кейін Ұлыбританиядағы Оксфордты оқып бітірді. Арканзас университетінде сабақ берді. 32 жасында Арканзастың губернаторы болып сайланды. 1993 жылы президент сайлауы кезінде үлкен Бушты жеңіп, екінші рет президент болды.

Билл Клинтон өзінің президенттігі кезінде АҚШ-тың экономикасын көтеріп, Израиль мен Палестина арасындағы татулықты сақтауға қол жеткізді.

Пятс Константин (1874—1956 жж.) Эстонияның тәуелсіздігі жолында күрескен қайраткер, саясаткер. 1918—1919 жылдары Эстонияның премьер-министрі, ал 1938—1940 жылдары президенті болды. Ресейдегі Мемлекеттік Думаға Эстонияның атынан депутат болып сайланып, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін немістердің көмегімен Эстонияның билік басына келді. Эстония КСРО-ға қосылғаннан кейін 1940 жылы Уфа қаласына қуылды.

Ульманис Карлис (1877—1942 жж.) саясаткер. 1936—1940 жылдары Латвияның президенті болды. 1905—1907 жылдардағы Ресейде болған революциядан кейін АҚШ-қа эмиграцияға кетті. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде елге қайта оралды. 1920 жылы Антанта әскерінің көмегімен Кеңестік Қызыл Армияны Латвия аумағынан шығарды. 1934 жылы өзінің төртібін орнатты. 1939 жылы КСРО-мен Өзара көмек келісіміне қол қоюға мәжбүр болды. Осы келісімнен кейін Латвия аумағына Кеңес әскерлері енді.

Хорти Миклош (1868—1957 жж.) Венгрияның көрнекті саяси қайраткері. Жерорта теңізінде Австро-Венгрия флотында әскери қызмет атқарды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде осы флоттың бас қолбасшысы болды. Әскери шені — контр-адмирал.

1919 жылы Сегеда жерінде Кеңес үкіметіне қарсы күресу үшін қарулы әскер құрған. Кейін Венгрия тағының мұрагері болып жарияланып, Венгрияда өзінің төртібін орнатты. 1944 жылы фашист әскерлерінің Венгрияны қоршап алуы кезінде Германияға әкетілді.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I тарау. XX ғасырдың басындағы дүниежүзі	
§ 1. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы әлем көрінісі	4
§ 2. XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастар және Бірінші дүниежүзілік соғыс	7
II тарау. Соғыстан кейінгі дүниежүзі (1918—1939 жж.)	
§ 3. Версаль-Вашингтон жүйесі	12
§ 4. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бөсеңдеуі	14
§ 5. КСРО-да тоталитарлық жүйенің орнауы	16
§ 6. АҚШ: “жаңа бағыт” саясаты және Латын Америкасы елдері	20
§ 7. Ұлыбритания	21
§ 8. Франция мен Испания. Халықтық майдан	22
§ 9. Италия мен Германиядағы фашизм	23
§ 10. Жапония. Қытай. Моңғолия	25
§ 11. Үндістан және Азия елдері	27
§ 12. Араб елдері. Африка құрлығындағы мемлекеттер	29
§ 13. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңы	31
III тарау. Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 жж.)	
§ 14. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның КСРО-ға шабуылы. Тынық мұхит соғысы	33
§ 15. Антигитлерлік коалицияның құрылуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. БҰҰ-ның құрылуы	36
IV тарау. XX ғасырдың екінші жартысындағы дүниежүзі	
§ 16. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем	40
§ 17. “Қырғиқабақ соғыс”. НАТО және Варшава шарты. Дүниежүзілік саясат циклдері	42
Қосымша деректер	45
V тарау. АҚШ және Батыс Еуропа елдері (1945—2009 жж.)	
§ 18. Батыстың даму үрдісі. Америка Құрама Штаттары. Латын Америкасы..	46
§ 19. Ұлыбритания. Франция	49
§ 20. Германия Федеративтік Республикасы. Италия	51
VI тарау. Социалистік даму жолында тұрған елдер (1945—2009 жж.)	
§ 21. Кеңес Одағы	52
§ 22. Социалистік даму жолындағы Шығыс Еуропа және Азия елдері	54

VII тарау. Азия және Африка елдері (1945—2009 жж.)

§ 23. Жапония. Солтүстік және Оңтүстік Корея	58
§ 24. Отаршылдықтың күйреуі	59
§ 25. Азия елдері	62
§ 26. Араб елдері және Африка	67

VIII тарау. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы дүниежүзі

§ 27. XX ғасырдың 70—90-жылдарындағы халықаралық жағдай. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы	70
§ 28—29. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы халықаралық және аймақтық жанжалдар	72
§ 30. Өркениетті елдердің дамуы және дүниежүзіндегі демократиялық үдерістер	74
§ 31. Дүниежүзіндегі ықпалдастық үдерістер. Халықаралық ұйымдардың қызметі және бүгінгі Қазақстан	75
§ 32. XXI ғасырдың басындағы дүниежүзінің өзекті мәселелері	78
§ 33. XX ғасыр мәдениеті	—
Жаднама	89
Қосымша деректер	90
Сендер білесіңдер ме?	92

Учебно-методическое издание

**Досболатова Улбосын
Ашимова Бейбитгуль
Аманқулова Шолпан**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
Дидактические материалы**

Учебное пособие для 10 классов
естественно-математического направления
общеобразовательных школ

Второе издание, переработанное, дополненное

(на казахском языке)

Редакторы *А.Тажидова*
Көркемдеуші редакторы *Д.Болатов*
Техникалық редакторы *А.Сәдуақасова*
Корректоры *Н.Досболлова*
Компьютерде беттеген *Ж.Бекбосынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2510

Басуға 14.06.10 қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі
“Школьная”. Шартты баспа табағы 6,0. Шартты бояулы беттаңбасы 6,13.
Есептік баспа табағы 5,14. Таралымы 5 000 дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz